<variant> созылмалы панкреатит
<question> Төменде ас қорыту аралық секрецияның фазасы кезіндегі тұз қышқылының деңгейінің ең көп жоғарылауы тән таңдаңыз:
<variant> ойық жара ауруы
<variant> созылмалы гастрит
<variant> созылмалы дуоденит
<variant> гастроэзофагальды рефлюкс
<variant> дуодено- гастроэзофагальды рефлюкс
<question> Қыз 14 жаста. Төс артындағы ауырсынуға шағымданады. 3 жыл бойы рефлюкс-эзофагит бойынша гастроэнтерологқа қаралады.
Төмендегілердің қайсысы ауырсыну синдромының себебі болуы мүмкін:
<variant> өңештің шырышты қабығын тітіркенуі
<variant> метеоризм
<variant> гиперацидтік
<variant> Оддидің сфинктердің спазмы
<variant> Іштегі қысымның артуы
<question> Жедел стрессты ойық жараның пайда болуының ықтимал себептерін көрсетіңіз:
<variant> катехоламин гиперпродукциясы
<variant> шырыш бөлінуінің бұзылысы
<variant> пепсиноген деңгейінің жоғарылауы
<variant> простагландин бөлінуінің жоғарылауы
<variant> қышқыл өндіруші функциясының төмендеуі
<question> Ойық жараны дамыту мүмкіндігін анықтайтын агрессивті фактор - бәрінен басқа:
<variant> антродуоденальды қышқылдық тормоз
<variant> пилорикалық хеликобактер
<variant> HCl және пепсин гиперпродукциясы
<variant> гастродуоденальды дисмоторика
<variant> гастродуоденальды шырышты қабаттың жарақаттануы
<question> Созылмалы гастродуоденит клиникасында 2 негізгі клиникалық типті ажыратады:
<variant> жара тәрізді, дискинетикалық
<variant> эозофагитті, гастритті
<variant> энтериттік, колиттік
<variant> холециститтәрізді, дискинетикалық
<variant> панкретатиттәрізді, дуоденитгәрізді
<question> Арнайы емес жаралы колит пен Крон ауруының ортақ көрінісі:

<variant> Ішек қабырғасында жаралардың болуы
<variant> Зақымданған аймақтың шектелуі

<variant> Қабыну ішектің барлық қабаттарын зақымдайды
<variant> Ішектің барлық қабаттарының лимфоидты гиперплазиясы
<variant> Жиі криптогенді абсцесстер кездеседі
<question> Қыз бала, 13 жаста. Тамақтанғаннан соң эпигастрийдегі тұйық ауыру сезімі мен ауырлық сезіміне, кекіру, жүрек айну, ауыздағы жағымсыз дәмге шағымданады. Метеоризм, диарея. Боз, "жылтыраған" тіл. Кейде тілдің күю сезімі, қол-аяқта «құмырсқа жыбыры» сезімі. ЖҚС гиперхромдық, макроцитарлық анемия.
Эндоскопияда асқазанның шырышты қабатының қандай зақымы ең дұрысы?
<variant> атрофиялық
<variant> эрозивтік
<variant> гипертрофиялық
<variant> беткейлік
<variant> аралас
<question> Баланың диагнозы: «Идиопатиялық дерматомиозит, белсенділігі III дәрежелі, жедел ағымды, жұту, қаңқа еттерінің зақымдануы, Функционалды етіспеушілік 2 (ФЖІІ)».
Ең мәліметті тексеру әдісі:
<variant> Электромиография
<variant> Электрокардиография
<variant> Компьютерлік томография
<variant> Ультрадыбыстық зерттеу
<variant> Аяқ-қолдың рентгенографиясы
<question> 12 жасар қыз бала 15 минут су астында болған. Қарау кезінде өмір сүру белгілері жоқ. Қандай шара жүргізу қажет.
<variant> тыныс жолдарын бөгде заттардан тазарту, жүрек-өкпе реанимациясын жүргізу
<variant> қасындағы адамдарды көмекке шақыру
<variant> реанимациялық шаралар жүргізу үшін қыз баланы жақын арадағы ауруханаға жеткізу
<variant> жүрек-өкпе реанимациясын жүргізу
<variant> жедел жәрдем шақыру
<question> Науқас М. 1,5 жаста. Балада жасына сай емес төмен салмақ анықталады. Сіздің әрекетіңіз:
<variant> Баланың тамақтандырылуын бағалаңыз, тамақтандыру мәселелері бойынша анасына кеңес беріңіз, қайта қаралу 5 күннен кейін
<variant> Шұғыл стационарға жолдаңыз, А дәруменін беріңіз
<variant> Тамақтандыру мәселелері бойынша анасына кеңес беріңіз
<variant> Қайта қаралу 5 күннен кейін
<variant> А дәруменін беру, тамақтандыру мәселелері бойынша анасына кеңес беріңіз
<question> 1 жас 7 айлық бала. Кенеттен туындаған жөтелге, 15 минутқа созылған ентікпеге шағым жасалды. Баланы қарау кезінде: дене қызуы қалыпты, бала белсенді, өкпесін тыңдаған кезде, сол жақтан жоғары жағында дем шығарғанда қырылдаған, перкуторлық қорапты дыбыс шығады. Болжаланған диагноз:
<variant> Бронхтағы бөтен зат
<variant> Обструктивтік бронхит
<variant> Бронх демікпесі
<variant> Бронхиолит
<variant> Көкжөтел
<question> 13 жастағы балада мерзімді түрде көзінің ақ қабығының сарғыштығы байқалады, емделушінің інісі сондай түрдегі сары аурумен 2 рет ауырған. Физикалық тексеріс ешқандай

ақау таппады. Бауырды зерттегенде келесілер анықталды: жалпы билирубин - 38,8 мкмоль/л, тіке - 3,5 мкмоль/л, АСТ, сілтілі фосфатаза - норма, сканерлеу - қалыпты. Науқастың диагнозы қандай болуы мүмкін:
<variant> Жильбер дерті
<variant> туа біткен гемолитикалық анемия
<variant> Дабин-Джонсон синдромы
<variant> вирустық гепатит
<variant> Өт-тас ауруы
<question> Туылғанына 7 күн болған нәрестені патронажды қарау келесідей болды: ішінің төмен жағында, аяқ-қолдарында, бүгілген жерлерінде әр алуан даму сатысындағы көпіршіктер анықталды (өлшемдері: диаметрі бойынша 0,5-тен 1,5 см дейін, олар іріңге толы болған, көпіршіктердің негізі эритематоздық дақтардың негізінде біршама сіңген). Никольский синдромы теріс болған. Көпіршіктерді ашқаннан кейін эрозия қалған. Бұрынғы көпіршіктердің орнында қабықтар түзелмеген. Баланың жалпы күйі нашарламаған. Дене қызуы субфебрильді. Сіздің диагнозыңыз:
<variant> Пемфигус (жаңа туылған нәрестенің күлдіреуігі)
<variant> Туа біткен сифилис
<variant> Лайел синдромы
<variant> Эксфолиативті Риттер дерматиті
<variant> Туа біткен буллезді эпидермолиз
<question> 8 айлық баланың физикалық дамуын бағалау кезінде оның дене салмағы 7300 г, бойы 68 см құраған. Туылған кезде баланың дене салмағы 3200 г, бойы 50 см болған. 4 айға дейін емшек берілген, содан кейін бейімдендірілген қоспаға ауыстырылған. 5,5 айдан бастап ботқа (манка, сұлы) түріндегі тамақ, 6,5 айдан бастап - көкөністер езбесі, 7 айдан бастап ет беріле бастаған. 5 айға дейін даму жасына сәйкес келген, содан кейін дене салмағы аз қосылатындығы (80-100 гр. байқалған, ал 7 айдан кейін бала дене салмағын жоғалтқан. Күніне 2-3 мәрте дәрет сындырады, мерзімді түрде 5 мәрте. Болжаланған диагноз:
<variant> Муковисцидоз
<variant> Целиакия
<variant> Галактоземия
<variant> Лактазаның жетіспеушілігі
<variant> Сахарозаның жетіспеушілігі
<question> Бала 7 айлық - физиологиялық өткен II босану. 2 айлықтан бастап майы алынбаған сиыр сүтімен тамақтандырылған. Көкөніс езбесін онша жемейді. Көбінесе ботқалар жейді. Объективті: өз бетінше отыра алмайды, шеке мен төбе бұдырмақтары айқын, қабырға сүйектері қатты байқалады, Гаррисон жүлгесі. Бұлшық ет тонусы төмен. Бауыры шетінен 2 см шығып тұрады. Бас органдарында ерекшеліктер жоқ.
Болжаланған диагноз:
<variant> I рахит, өршіп тұрған кез, сәл асқыну
<variant> I рахит, өршіп тұрған кез, асқыну
<variant> II рахит, өршіп тұрған кез, асқыну
<variant> II рахит, өршіп тұрған кез, қайта орын алу
<variant> II рахит, өршіп тұрған кез, сәл асқыну
<question> Бала 2,5 айлық. II жартысындағы гестоз фонындағы екінші жүктілік. Туылғанда дене салмағы 3600г., бойы 53см. болған. 3,5 аптадан бастап әр тамақтандырғаннан кейін жиі тамағын шығарып тастаудан "фонтан" тәріздес құсуға дейін орын алған. Объективті: Тері жабындары бозарған, құрғақ "мәрмәр тәріздес" суреттермен. Тері астындағы май қабаты жұқа, тін тургоры

азайған, бұлшық ет гипотониясы. Ішкі органдарының ақауы жоқ. қарау кезінде баланың салмағы 4300г. Диагнозын қойыңыз:
<variant> пилоростеноз, II дәрежедегі гипотрофия
<variant> I дәрежедегі гипотрофия
<variant> ацетонемикалық құсу
<variant> постнатальді, эндогенді (пилороспазм), II дәрежедегі гипотрофия
<variant> III дәрежедегі гипотрофия
<question> Босанғаннан кейін жаңа туылған нәрестеге III патронажды жүргізгеннен кейін баланың анасы учаскелік педиатрға 2 сағат бұрын дене қызуы 37,5 дейін көтерілгеніне, қолмен басып көргенде сол жақ түсінде тығыздалу, аз гиперемия пайда болғанына шағымданды. Сүтті сүзіп алғанда сүттің түсі қалыпты, ешқандай қоспасыз және қансыз болған. Учаскелік педиатрдың әрекеті.
<variant> емшекпен емізуді жалғастыруға және тамақтандырғаннан кейін қалған сүтті міндетті түрде сүзіп алуға кеңес береді
<variant> сүтті сүзіп алуға және баланы пастерленген сүтпен тамақтандыруға кеңес береді
<variant> емшекпен емізуге тыйым салады
<variant> емшекпен емізуге тыйым салады және сүтті бактериологиялық зерттеуге жібереді
<variant> баланы уақытша донорлық сүтке ауыстырады
<question> 1 жастағы бала стационарға анық байқалған токсикозбен, аралас сипаттағы ентікпемен, 38С дене қызуымен келіп түскен. Перкуссия кезінде перкуторлық дыбыстық қорап тәріздес реңкі байқалады. Шашыраңқы қырыл естіледі, жауырынның оң жағында - тұрақты ұсақ көпіршікті қырылдар. Алдын ала диагноз қойыңыз:
<variant> пневмония
<variant> альвеолит
<variant> бронхиолит
<variant> бронх демікпесі, ұстама
<variant> обструктивтік бронхит
<question> Жеті айлық баланың ЖРВИ аясында 4 күні жағдайы одан сайын нашарлап кетті, дене қызуы 37,8С дейін көтерілді, экспираторлық сипаттағы ентікпе пайда болды, оральді қырыл. Аускультация кезінде - ұзақ дем шығару, екі жақтан әр алуан калибрлі ылғал қырылдар. Сіздің алдын ала қойған диагнозыңыз:
<variant> обструктивтік бронхит
<variant> бронхиолит
<variant> қайталама бронхит
<variant> пневмония
<variant> плеврит
<question> 10 жастағы балада жұтқан кезде тамағы ауырады, дене қызуы 39,2С, басы ауырады, бадамшаларында ірің өңезі. Сіздің алдын ала қойған диагнозыңыз:
<variant> фолликулярлы ангина
<variant> аденоидит
<variant> жұту абцессі
<variant> фарингит
<variant> паратонзиллярді абцесс
<question> Ұлтабар ойық жарасын емдеу кезінде ауру өршіген кезде не қолданылады:
<variant> жоғарыда айтылғандардың барлығы
<variant> де-нол
<variant> антисекреторлық препараттар

<variant> фурандық препараттар
<variant> антибиотиктер
<question> 8 айлық баланың нәжісі тұрақты емес, жағымсыз иіспен, жылтыр. Физикалық дамуы жасына сәйкес емес, артта қалу байқалады. Туғанда мекониалды илеус нәтижесінде ішек өткізбеушілік байқалды. Науқасқа ... диагноз ықтималды.
<variant> Муковисцидоз, ішектік түрі
<variant> Экссудативті энтеропатия
<variant> Целиакия
<variant> Лактозды жетіспеушілік
<variant> Сахарозды жетіспеушілік
<question> 10 жастағы қыз. Жөтелге, кеуде қуысының ауруына шағымдары бар. Дәрігерлік қарау кезінде: дене қызуы 39,1°С дейін көтерілген, сол қырында жатыр. Кеуде қуысының сол жағы дем алудан қалыс,тыныс алу жиілігі минутына 40 рет. Қан талдауы: гемоглобин-110 г/л, эритроциттер-4,0х1012/л, лейкоциттер–19х109/л, таяқшалар-10%, эозинофилдер-5%, лимфоциттер-28%, моноциттер-2%, эритроциттердің тұну жылдамдығы - 32мм/с. Рентгенологияда: оң өкпенің сол бөлігінде инфильтративті көлеңке анықталады.Болжам диагноз ... .
<variant> Крупозды пневмония
<variant> Өкпе абсцессі
<variant> Плеврит
<variant> Аппендицит
<variant> Менингит
<question> 7 айлық қыз. Саусақтарының тартылуына шағымдары бар. Дәрігерлік қарау кезінде қол және аяқтарының тартылуы анықталады, тартылу бірнеше минуттан кейін басылады. Бас сүйектері жұмсақ, Гаррисон жолы анық көрінеді, қабырғаларында түйіршіктер бар. Төмендегі дәрілердің ... қолданған жөн.
<variant> кальций глюконат 0,25х 3 рет
<variant> витамин Д 4000МЕ
<variant> цитрат сұйықтығы 1 қасық х 3 рет
<variant> аммоний хлориді 10% 1 қасық х 3 рет
<variant> магний сульфаты 25% 0,8 мл/кг
<question> Ер бала, 10 жаста. Шағымдары: дене қызуының 39ºС-қа дейін көтерілуіне, қалтырау, құрғақ жөтел, делирий, миалгия. Объективті: өкпенің оң жағында кенет әлсіреген тыныс, ылғалды сырыл естіледі. Жалпы қан анализінде: гемоглобин-110 г/л, эритроциттер-$4,0x10^{12}$/л, лейкоциттер – $11x10^{9}$/л, т/я-5%, с/я-65%, эозинофилдер - 5%, лимфоциттер - 15%, моноциттер - 10%, ЭТЖ - 22мм/сағ. Өкпе R-граммасында: оң жақта инфильтративті көлеңке, өкпе суреті күшейген, өкпе түбіріндегі лимфа түйіндер ұлғайған. Болжам диагнозыңыз ... .
<variant> Легионеллезді пневмония
<variant> Пневмококкоты пневмония
<variant> Вирусты пневмония
<variant> Микоплазмалы пневмония
<variant> Хламидиялы пневмония
<question> Қыз бала, 5 айлық, 2 күн бойы ауырады. Объективті: әлсіз, кекіреді, бозғылт, периоральды цианоз, ТАЖ – 65 рет/мин, қабырға аралықтары көтерілген, дене температурасы 39ºС, сирек құрғақ жөтел, PS – 165 рет/мин. Өкпеде тыныс әлсіреген, дыбысты ұсақ көпіршікті және крепитациялы сырылдар. Рентгенограммада: диафрагманың төмен түсіп тұруы, өкпе

суретінің күшеюі, артқы бөлімінде пішіні дұрыс емес ошақты көлеңкелер көрінеді. Препараттардың ... тобы емдеуге ең қолайлы.
<variant> жартылай синтетикалық пенициллиндер
<variant> фторхинолондар
<variant> макролидтер
<variant> аминогликозидтер
<variant> цефалоспориндер
<question> 3 айлық ер бала. Шағымдары: қақырықты жөтел, мұрнынан су ағу. 5 күн бойы ауырады. Пенициллинмен емделген, эффект болмаған. Объективті: дене температурасы 38,5ºС, ембейді, сырылдар бар, терісі бозғылт, сұр түсті, ылғалды, периоральды цианоз, аралас ентігу, ТАЖ - 60 рет/мин, бұғана үсті ойығы және қабырға аралықтары көтерілген, PS - 160 рет/мин, өкпеде – өкпенің барлық алаңында әлсіреген тыныс есебінен көптеген құрғақ және ылғалды әртүрлі калибрлі сырылдар естіледі. Рентгенограммада: диафрагманың төмен түсіп тұруы, төменгі бөлігінде ошақты көлеңкелер.
Препараттардың ... тобы емдеуге қолайлы.
<variant> макролидтер
<variant> сульфаниламидтер
<variant> фторхинолондар
<variant> цефалоспориндер
<variant> карбапенемдер
<question> 7 айлық бала ЖРВИ -мен ауырады. 4 күні жалпы жағдайы ауырлады, температурасы $37,8^0$С көтерілді, экспираторлы ентігу, оральды сырылдар пайда болды. Аускультация – ұзақ дем шығару, 2 жақтан әр түрлі калибрлі ылғалды сырылдар. Жалпы қан анализінде– лейк. – $5,8x10^9$ /л, э – 14%, п/я – 1%, с – 48%, л- 29%, м - 8%, СОЭ – 3 мм/сағ. Төмендегі диагноздардың ішінде науқаста ... болуы мүмкін.
<variant> Обструктивті бронхит
<variant> Бронхиолит
<variant> Қайталанатын бронхит
<variant> Пневмония
<variant> Плеврит
<question> 5 жасар баланың анамнезінде 3 жылға созылған бронхит. Ауырғанына 3 күн, температурасы 38^0С, құрғақ жөтел, жауырын арасы аймағында өкпелік дыбыстың қысқаруы, аускультативті құрғақ сырылдар, рентгенограммада – өкпе түбірі аймағында өкпе суретінің күшеюі. Төмендегі ... диагнозы науқаста анықталады
<variant> Қайталанатын бронхит
<variant> Жедел жай бронхит
<variant> Созылмалы бронхит
<variant> Созылмалы пневмония
<variant> Бронхиолит
<question> 6 жасар балада ұстамалы жөтел, шулы тыныс. Тұншығу ұстамасы шоколад жеген соң туды. Қарағанда жағдайы орташа дәрежелі, тынысы қашықтықтан естіледі, өкпеде қорапты – перкуторлы дыбыс, өкпенің барлық аймағында құрғақ сырылдар, жүрек тондары тұйықталған. Кеуде клеткасының рентгенограммасында өкпе түбірі маңайында бронх-өкпе суретінің мөлдірлігі жоғарылаған, ошақты көлеңкелер жоқ. Ұстаманы тоқтату үшін төмендегі ... препаратын тағайындайды.
<variant> сальбутамол
<variant> адреналин

<variant> глюканат кальция
<variant> эуфиллин
<variant> глюкоза
<question> 1 жасар балада айқын токсикоз, аралас ентігу, температурасының 38^0С жоғарылауымен, үй жағдайында. Перкуссияда қорапты перкуторлы дыбыс. Бірен-саран сырылдар естіледі, оң жақ жауырын бұрышында тұрақты ұсақ көпіршікті сырылдар, рентгенограммада – сол жерде ошақты инфильтрация. Бұл ауруда старттық терапияны ... препаратынан бастайды.
<variant> аугментин
<variant> фенобарбитал
<variant> лазикс
<variant> сальбутамол
<variant> преднизолон
<question> 10 жасар балада жұтыну кезінде ауырсыну, температурасы $39,2^0$С, басының ауыруы, бадамша бездерінде іріңді жабынды.Бұл ауруда старттық терапия... .
<variant> антибиотик
<variant> парацетамол
<variant> Люголь ерітіндісімен өндеу
<variant> ингалипт
<variant> фурацилин ерітіндісімен шаю
<question> 1,8 жастағы балада басының тершендігі, нервті-рефлекторлы қозғыштығы жоғарылаған. Қарағанда: монотонды жылау, тыныс шығарғанда әлсіз ларингоспазм, аяқ-қол бұлшық еттерінің дистальды тетаникалық жиырылуы (қолында - «акушер қолы», аяғында – карпо-педальды спазм). Науқаста төмендегі диагноздардың ... болуы мүмкін.
<variant> Спазмофилия
<variant> Эпилепсия
<variant> Фебрильды тырысулар
<variant> Аффективті- респираторлы ұстамалар
<variant> Вегетативті пароксизм
<question> 2,5 айлық ұл бала. 2 жүктіліктен, II жартысында гестозбен. Салмағы 3600г., бойы 53см. 3,5 аптадан бері әр тамақтандырғаннан кейін жиі лоқсу, «фонтан» тәрізді құсуға дейін. Объективті: тері жамылғысы бозғылт, терісі құрғақ «мрамор» суретімен. Тері асты май қабаты жұқарған, тері тургоры төмендеген, бұлшықет гипотониясы. Ішкі ағзалар патологиясы. Бала салмағы 4300г. Науқаста төмендегі ... диагнозы болуы мүмкін.
<variant> Гипотрофия II дәрежелі, пилоростеноз
<variant> Гипотрофия I дәрежелі
<variant> Пилоростеноз
<variant> Гипотрофия II, постнаталды, (пилороспазм)
<variant> Гипотрофия III дәрежелі
<question> М. бала 4 жүктіліктен, 27 аптада УДЗ ұрықта «будда» позасы анықталды, плацента массасының бір шама ұлғаюы. Терісі өте боз, сарғылт, дененің барлық бетінде ісіну, гепатоспленомегалия. Биохимияда – гипербилирубинемия. ЖКА – эр. $2,5x10^{12}$ /л, гемоглобин – 70 г/л, ТК-0,75, тромбоцит-100 мың. Емдеу барысында ... ерте тағайындағанда нәрестенің бұл жағдайының алдын алуға болар еді.
<variant> антирезусты иммуноглобулинді енгізуді
<variant> жолдасының тері лоскутын ауыстыруды
<variant> плазмаферезді

<variant> жүктілікті үзуді
<variant> гемосорбцияны
<question> 8 жастағы балаға үйге шақыру жасалды. Дене қызуының 38,8°С жоғарылауына, сол жақ жауырынға, белге, берілетін асқазан асты аймағындағы белдемелі ауырсынуға, шөлдеуге, жүрек айнуға, құсуға шағымданады. Ауырғанына 2 жыл болған. Емдәмді бұзған соң жағдайы нашарлаған. Басынан өткерген аурулары: ЖРВИ, 6 жасында эпидпаротит. Объективті: іші кепкен, эпигастрий аймағында, сол жақ қабырға астында ауырсыну мазалайды. Басқа мүшелер бойынша ерекшеліксіз. Қан талдауында – Нв - 120 г/л, Эр. - $3,95x10^{12}$/л, Л - $11x10^{9}$/л, ЭТЖ - 15 мм/сағ. Зәр диастазасы - 132 бірлік. Қандағы қант - 6,8 ммоль/л. Болжам диагноз ... .
<variant> Созылмалы панкреатит
<variant> Созылмалы гастродуоденит
<variant> Созылмалы холецистит
<variant> Созылмалы гастрит
<variant> Созылмалы вирусты гепатит
<question> 6 айлық бала. Анамнезінен: туылғаннан бастап нәжісі 2-3 күнде 1 рет, клизма жасағаннан соң нәжісі қою консистенциялы. Қарау кезінде: ішінің көлемі ұлғайған, үрленген, ауырсынусыз. Кіндігінен жоғары сопақша формалы түзіліс пальпацияланады. Болжам диагноз ... .
<variant> Гиршпрунг ауруы
<variant> Муковисцидоз
<variant> Ішек ісігі
<variant> Ішек өтімсіздігі
<variant> Целиакия
<question> 8 айлық бала. Салмағы 9 кг. Діріл синдромына байланысты қаралуға келді. Қарау кезінде: дене қызуы 36,7 С, тері жабындылары боз, тістері жоқ. Басы «төртбұрыш» формалы, қарақұс маңындағы шаштары түскен, қабырға «таспихтары» айқын. Хвостек, Люст симптомдары оң. Шұғыл шаралар ... .
<variant> 10%-к кальций глюконат ерітіндісі 1,8 мл мөлшерінде к/к
<variant> кальций глюконаты 0,5 1 таблеткадан х күніне 3 рет
<variant> 10%-к кальций глюконат ерітіндісі 3,2 мл мөлшерінде к/к
<variant> 10%-к кальций глюконат ерітіндісі 3,8 мл мөлшерінде к/к
<variant> 10%-к кальций глюконат ерітіндісі 0,5 мл per os
<question> 2 жастағы бала, дене салмағы - 16 кг. Жиі респираторлы аурулармен ауырады. Селқос, апатиялы, ісінген. Терісі серпімді, жұмсақ тіндердің тургоры төмендеген, бұлшықеті нашар дамыған. Перифериялық лимфа түйіндерінің барлық топтары Ш-IVдәрежеге дейін ұлғайған, өзара бір-бірімен және жақын жатқан тіндермен жабыспаған. Мұрын арқылы дем алу қиындаған, бадамша бездері гипертрофияланған. Кеуде клеткасының рентгенограммасы – тамшы жүрек, тимомегалия. Қан талдауында: Нв-120 г/л, Эр.-$4,2x10^{12}$/л, Л-$6,4x10^{9}$/л, п-22%, с/я-25%, лимф-62%, мон-10%.Сіздің диагнозыңыз - ... .
<variant> Лимфатикалық-гипопластикалық диатез
<variant> Нервті-артриттік диатез
<variant> Аллергиялық дерматит
<variant> Атопиялық дерматит
<variant> Созылмалы тонзиллит
<question> 12 жастағы қыз бала. Ауырғанына бірнеше сағат болған, белдемелі сипаты бар және омыртқаға берілетін ауырсыну көбінесе эпигастрий аймағында пайда болды. Жеңілдік әкелмейтін екі рет құсу болды. Объективті: боз, тілі ақ жабындымен жабылған, дене қызуы 37,8

С, іші кепкен, эпигастрий аймағы біршама қатайған. Ортнер симптомы күмәнді. Мейо-Робсон нүктесінде ауырсыну. Лейкоцитоз - 12,8х10^9/л. Тазалау клизмасынан кейін нәжісі болған, нәжіс массалары тығыз, майлы. Болжам диагнозыңыз- ... .
<variant> Жедел панкреатит
<variant> Жедел гастродуоденит
<variant> Жедел гастрит
<variant> Жедел дуоденит
<variant> Жедел холецистит
<question> 4 айлық бала. Бала салмағы5400 грамм. Туған кездегі дене салмағы 2800 грамм. Жасанды тамақтанады. Балаға тәулігіне қажет ... .
<variant> 900 мл адаптирленген сүт қоспасы, 30 мл шырын
<variant> 700 мл адаптирленген сүт қоспасы, 20 мл шырын
<variant> 800 мл адаптирленген сүт қоспасы, 20 мл шырын
<variant> 600 мл адаптирленген сүт қоспасы, 20 мл шырын
<variant> 1000 мл адаптирленген сүт қоспасы, 30 мл шырын
<question> 10-жастағы бала бронх демікпесіне байланысты амбулаторлы ем қабылдайды. Анасына 10 күнге уақытша еңбекке жарамсыздық парағы берілді. Бірақ бала әлі толық жазылған жоқ. Уақытша еңбекке жарамсыздық парағына байланысты учаскелік дәрігер әрекеті ... .
<variant> уақытша еңбекке жарамсыздық парағын жабу
<variant> уақытша еңбекке жарамсыздық парағын 3 күнге созу
<variant> уақытша еңбекке жарамсыздық парағын 6 күнге созу
<variant> жаңа уақытша еңбекке жарамсыздық парағын 3 күнге ашу
<variant> жаңа уақытша еңбекке жарамсыздық парағын 6 күнге ашу
<question> 1 жастағы бала, салмағы 10 кг. Дене қызуының 39,5 С дейін жоғарылауы байқалады, терісі боз, тырнақтары мен еріні көгілдір реңді, «ақ дақ» симптомы оң. Аяқ-қолдары суық. Шұғыл шаралар ...
<variant> парацетомол 100 мг+ тамырды кеңейткіш препараттар
<variant> парацетомол 100 мг
<variant> парацетомол 120 мг + спиртті-арақ ерітіндісімен ысқылау
<variant> парацетомол 150 мг + ірі тамырлар аймағына мұз басу
<variant> парацетомол 200 мг + ампициллин 250мг
<question> 8 жастағы қыз баланың анасы жанұялық дәрігерге баласының бойының өсуінің төмендігіне, дене салмағының қосылуының болмауына, бас ауыруына, аяғындағы ауырсынуға, ішінің кебуіне, құсуға, жиі көлемді нәжіске шағымданып келді. Анамнезінде: ішінің кебуі мен мазасыздық 6 айынан бастап байқалған (геркулес ботқасы енгізілді). 1,5 жасынан бастап іштегі ауырсыну, оның көлемінің ұлғаюы, іш кебу, көлемді жиі нәжіс, құсу мазалайды. Нәжіс талдауы копрологияда - стеаторея. ФГДС-те субатрофиялық дуоденит анықталды. Болжам диагноз ... .
<variant> Целиакия
<variant> Дуоденит
<variant> Панкреатит
<variant> Ішектің тітіркену синдромы
<variant> Муковисцидоз
<question> Мешелдің 2–ші дәрежесімен ауыратын 6 айлық бала «Д» - 3000 МЕ/тәул. дәруменін, кальций глицерофосфатын, цитрат қоспасын қабылдайды, бірақ анасы балаға қажетті мөлшерін сақтамаған. Ем фонында дене қызуы 37,3°С дейін жоғарылап, селқостық дамыған, дене салмағының қосылулары болмаған. Сулкович сынамасы ++++. Сіздіңдиагнозыңыз-… .

<variant> Гипервитаминоз «Д»
<variant> Спазмофилия
<variant> Дәрумен - Д-тәуелді мешел
<variant> Дәрумен - Д-тапшылық мешел
<variant> Дәрумен-Д- резистентті мешел
<question> 2 айлық бала. Омыраудан бас тартады. Қарау кезінде кеуде клеткасының тартылуы байқалады, тыныс алу актісіне қосымша бұлшықеттер қатысады. ИВБДВ сәйкес дәрігердің әрекеті ... .
<variant> антибиотиктің бірінші мөлшерін беру, шұғыл түрде стационарға бағыттау
<variant> антибиотиктің бірінші мөлшерін беру, үчаскелік дәрігер бақылауында қалдыру
<variant> антибиотиктің бірінші мөлшерін беру, қайта қарау екі күннен соң
<variant> антибиотиктің бірінші мөлшерін беру, тексеруге жолдама беру
<variant> антибиотиктің керегі жоқ, үйде бақылау
<question> Жиі ауыратын балалар емханалық сатыда... тағайындауларды қажет етеді.
<variant> дәрумендерді, антиоксиданттарды, пробиотиктерді, иммуномодуляторларды
<variant> дәрумендерді, метаболиттерді
<variant> дәрумендерді, протеолиздің лизоцим-ингибиторларын, гормондарды
<variant> антиоксиданттарды, гомеопатиялық препараттарды
<variant> дәрумендерді, гомеопатиялық препараттарды, протеолиздің лизоцим-ингибиторларын, метаболиттерді, антиоксиданттарды, пробиотиктерді
<question> 15 күндік бала жиі емізгеннен соң бірден немесе біршама уақыт өткен соң лоқсиды, жиі іріген сүт құсады. Белсенді емеді, нәжісі қалыпты консистенциялы, патологиялық қоспаларсыз, диурезі қалыпты. Анамнезінен: тез босану, Апгар межесі бойынша 6-7 балл. Өмірінің бірінші күнінен бастап лоқсиды. Болжам диагнозыңыз - ... .
<variant> Пилороспазм
<variant> Пилоростеноз
<variant> Перинаталды энцефалопатия
<variant> Ішек дисбактериозы
<variant> Лактазды жетіспеушілік
<question> Анасы 4 айлық баласының нашар тәбетіне, лоқсуына шағымданады. Бала ерте босанудан, салмағы 3,400 гр. Бір айынан бастап жасандытамақтануда. Салмағы 4,700 гр. Қарау кезінде жағдайы орташа ауырлықта. Тері жабындылары боз-сұр, құрғақ, жеңіл қатпарлар жиналады, нашар қалпына келеді. Ауыздың шырышты қабаты ашық қызғылт, құрғақ. Тері асты май қабаты нашар дамыған. Бұлшықеттері босаңсыған. Іші аздап кепкен. Нәжісі тұрақсыз. Жіктелу бойынша диагноз қойыңыз ... .
<variant> Дистрофия,гипотрофия II дәрежелі, үдеу кезеңі, постналталды, алиментарлы генезді
<variant> Дистрофия,гипотрофия II дәрежелі, стабилизация кезеңі, постналталды, алиментарлы генезді
<variant> Дистрофия,гипотрофия I дәрежелі,бастапқы кезең, постналталды, аралас генезді
<variant> Дистрофия,гипотрофия I дәрежелі, үдеу кезеңі, постналталды, аралас генезді
<variant> Дистрофия,гипотрофия III дәрежелі, өршу кезеңі, постналталды, аралас генезді
<question> 1 жас 6 ай жасындағы баланың көкірек клеткасының төменгі бөлігінің ішке тартылуы байқалады. Тыныс алу жиілігі – 40 минутына. БЖАИБ классификациясы бойынша сіздің диагнозыңыз ... .
<variant> Ауыр пневмония немесе өте ауыр ауру
<variant> Пневмония жоқ, жөтел немесе суық тию
<variant> ЖРВИ, ТЖ II-дәрежелі

<variant> Жедел бронхит, ТЖ І-дәрежелі
<variant> Обструктивті бронхит, ТЖ І-дәрежелі
<question> Қарау кезінде балада жөтел және температура 37,4^{0}С, БЖАИБ бағдарламасы бойынша диагнозыңыз ... .
<variant> Пневмония жоқ, жөтел немесе суық тию
<variant> Бронхит
<variant> Ларинготрахеит
<variant> ЖРВИ
<variant> Трахеит
<question> Нәрестелердің герпестік инфекцияларының жайылған түрінің патогномды терапиясына ... жатады.
<variant> ацикловир 60 мг/кг/тәулігіне 21 күннен кем емес
<variant> ацикловир 45 мг/кг/тәулігіне 10-14 күн
<variant> интерферонды және жергілікті герпеске қарсы терапияны тағайындау
<variant> арнайы иммуонглобулинді күре тамырға енгізу
<variant> виферон және интерферонды тағайындау
<question> Нәрестелерде нозокомиалды инфекцияның емі үшін ... ұсынылады.
<variant> III қатардағы цефалоспориндер
<variant> қорғалған пенициллиндер
<variant> линкосамидтер
<variant> макролидтер
<variant> фторхинолондар

<question> Бронх демікпесін емдеу барысында ең жиі және қауіпті кері әсерлер ... ұзақ қолданғанда дамиды.
<variant> пероральды кортикостероидтарды
<variant> ингаляционды кортикостероидтарды
<variant> кромогликаттарды
<variant> кетотифендерді
<variant> бета- 2- адреномиметиктерді
<question> Бета- лактамаза тудыратын гемофильді таяқша штаммдарының себебінен болатын пневмонияны емдеуде ... қолданған дұрыс.
<variant> амоксициллиннің клавулон қышқылымен бірлескен түрін
<variant> феноксиметилпенициллинді
<variant> амоксициллинді
<variant> ампициллинді
<variant> азитромицинді
<question> Ерте жастағы балаларда микоплазмалы пневмонияны емдеуде ... қолданған жөн.
<variant> макролидтерді
<variant> табиғи пенициллиндерді
<variant> жартылай синтетикалық пенициллиндерді
<variant> І буынның цефалоспориндерін
<variant> аминогликозидтерді
<question> 8 жастан жоғары балаларда микоплазмалы пневмонияны емдеуде ... қолданылуы мүмкін.
<variant> доксициклин және макролидтер
<variant> табиғи пенициллиндер

<variant> жартылай синтетикалық пенициллиндер
<variant> цефалоспориндер
<variant> аминогликозидтер
<question> 12 жастағы қыз балада бірнеше ай бойы эпигастрий аймағында түнгі ауырсыну, тәбеті сақталған, ваготония белгілері анықталған. ФГДС да 12-елі ішектің кілегей қабатының дефектісі. Осы аурудың ең жиі болатын асқынуы ...
<variant> Ішектен қан кету
<variant> Қалтқының стенозы
<variant> Сіңірілудің бұзылысы
<variant> Ішек перфорациясы
<variant> Ішек түйілуі
<question> 8 жастағы бала тамақтанғаннан кейін эпигастрий аймағындағы сыздап ауырсынуға шағымданады. Сирек жүрек айну, жиі кекіру, үнемі іш қату мазалайды. Қарағанда: пальпацияда әлсіз эпигастрий аймағында ауырсыну, тілінің ақ жабынмен жамылуы көрінеді. Нәжісі «қой құмалағы» тәрізді. Ең ықтимал диагноз ...
<variant> Гастродуоденит
<variant> Холецистит
<variant> Панкреатит
<variant> Өт жолдарының дискинезиясы
<variant> Колит
<question> 12 жастағы науқас стационарға кескен, шаншитын, көбіне түнде болатын, қатты ұстама тәрізді эпигастрий аймағындағы ауырсыну шағымдарымен келіп түсті. Күндіз тамақ қабылдағаннан кейін ауырсыну басылады. Ішті пальпациялау қиындаған, пилородуаденальды аймақта ауырсыну байқалады, Мендель симптомы оң мәнді. Ең ықтимал диагноз ... .
<variant> 12-елі ішектің жара ауруы
<variant> Ішектің тітіркену синдромы
<variant> Жедел гастрит
<variant> Жедел холецистит
<variant> Жедел аппендицит
<question> 13 жастағы қыз баланы соңғы 4 ай бойына сұйық нәжістің күніне 2-ден 4 ретке дейін болуы, әсіресе таңертеңгі мезгілде, эмоциональды қозу кезінде дефекацияға императивті шақырулар байқалады. Нәжістің құрамында кілегей қоспасы бар, түнгі уақытта нәжіс болмайды. Қарағанда ауытқулар жоқ. Ең ықтимал диагноз… .
<variant> Ішек тітіркену синдромы
<variant> Целиакия
<variant> Жедел ішек инфекциясы
<variant> Созылмалы гастрит
<variant> Лактазды жетіспеушілік
<question> 8 айлық балада салмақ аз қосуы, тітіркенгіштіканықталады. Табиғи тамақтанады, 2 ай бойы сұлы және манный ботқалар қабылдайды. Қарағанда жүрек-қантамыр, тыныс жүйелер жағынан патология жоқ, псевдоасцит, нәжіс көп мөлшерде, жылтыр. Копрограммада стеаторея. Теріде натрий, хлор мөлшері қалыпты. Ең ықтимал диагноз ... .
<variant> Целиакия
<variant> Муковисцидоз
<variant> Жедел ішек инфекциясы
<variant> Экссудативті энтеропатия
<variant> Екіншілік лактазды жетіспеушілік

<question> 14 жасар қыз балада оң жақ қабырға астында ұзаққа созылған ауырсыну мен керілу сезімі байқалады. Зерттеу кезінде: сарғаю жоқ, Кер симптомы оң, дене қызуы субфебрильді. ЭТЖ – 30 мм/сағ. ... аурудың өршуі ең ықтимал.
<variant> Созылмалы холецистит
<variant> Өт шығару жолдарының дискинезиясы
<variant> Асқазан жара ауруы
<variant> Созылмалы гастродуоденит
<variant> Муковисцидоздың ішектік түрі
<question> 9 айлық бала. Өмірінің 2-ші айынан бастап салмақ аз қосады. Бойы 7 см қалыс. Қарағанда енжар,аяқ-қолдары салқын, тері асты шел майы жоқ, отырмайды, енбектемейді, терісі құрғақ, кілегей қабаттары айқын қызыл түсті, тахипноэ, гипотония, жүрек тондары тұйықталған, зәр шығаруы сирек. Ең ықтимал диагноз ... .
<variant> Гипотрофия III дәрежелі
<variant> Гипотрофия II дәрежелі
<variant> Гипотрофия I дәрежелі
<variant> Туа пайда болған нефротикалық синдром
<variant> Туа пайда болған гипотиреоз
<question> 6 жасар қыз бала. Шағымдары ұстама тәрізді жөтел, шулы тыныс алу. Шоколад жегеннен кейін тұншығу ұстамасы пайда болған. Тыныс алуы шуды, алыстан естіледі, өкпеде перкуторлы қорап реңкілі дыбыс, аускультативті құрғақ ысқырықты сырылдар естіледі, жүрек тондары тұйықталған. ЖҚА лейкоцитоз жоқ, ЭТЖ – 3 мм/сағ. Ең ықтимал диагноз ... .
<variant> Бронхиальды астма
<variant> Жедел пневмония
<variant> Обструктивті бронхит
<variant> Есекжем
<variant> Муковисцидоз
<question> Бала 8 жаста, респираторлы аллергозымен ауырады, периоральды цианозбен, айқын экспираторлы ентігумен, ұстамалы қиналыпжөтелумен реанимацияға түсті. Анамнезінде: ентігу 8 сағат сақталады, 6 рет вентолинмен ингаляция жасалған. Өкпеде тынысы әлсіреген, сырыл жоқ. Ең ықтимал диагноз ... .
<variant> Астматикалық статус
<variant> Астматикалық бронхит
<variant> Обструктивті бронхит
<variant> Бронхиальды астма, ауыр ұстама
<variant> Жедел пневмония
<question> Педиатрдың қабылдауында жасанды тамақтанатын 6 айлық баламен анасы. Бейімделген сүт қоспасымен тамақтанады. Баланың салмағы мен бойы жасына сай. Баланың тәуіліктік рационына қосуға болатын тағамдар ... .
<variant> көкөніс пюресі, ботқа
<variant> кілегей, жұмыртқа белогы
<variant> цитрустар, ешкі сүті
<variant> балық, сүт
<variant> ет фарш, өсімдік май
<question> 2 айлық емшек сутімен тамақтанатын бала қабылдауға келіп отыр. Анасы өзінің бір жақ емшегінде сүт аз болуына байланысты бала тоймай жылайтынын байқаған. Анасына ең алдымен беретін кеңес ... .
<variant> екінші омырауды беру

<variant> айранмен толықтырып беру
<variant> ботқа беру
<variant> емізікпен сүт қоспасын беру
<variant> жасанды тамақтандыруға көшіру
<question> Бала 6 айлық. Туғанда меконеальды илеус байқалған, екі рет пневмониямен ауырған. Алғашқы айынан бастап тұрақты коклюштәрізді жөтел мазалайды. Қарау кезінде тәбеті қанағаттанарлық, бірақ салмақ дұрыс қоспайды. Ентігу жоқ. Өкпеде екі жақты әртүрлі калибрлі ылғалды және құрғақ сырылдар естіледі. Іш қатулар байқалады. Ең ықтимал диагноз ... .
<variant> Муковисцидоз
<variant> Обструктивті бронхит
<variant> Жедел жәй бронхит
<variant> Ошақты пневмония
<variant> Аллергиялық трахеит
<question> 6 айлық бала ЖРВИ мен ауырады. 3 ші күні мұрын қанатарының керілуімен, ерін мұрын үшбұрышының цианозымен көрінетін, аралас типті ентігу байқалған. Дене қызуы субфебрильді. Перкуторлы қорап реңкілі дыбыс, тыңдағанда екі жақты көптеген ұсақ және орташа калибрлі ылғалды сырылдар естіледі. Ең ықтимал диагноз ... .
<variant> Бронхиолит
<variant> Пневмония
<variant> Обструктивті бронхит
<variant> Жедел бронхит
<variant> Бронх демікпесі
<question> 2 жасар бала қабылдау бөліміне құрысу синдромымен келіп түсті. Қарағанда: ақшыл шашты, көгілдір көзді, қалыпты дене бітімді, баладан «тышқан иісі» шығып тұр, қол терісінде экзема элементтері байқалады, психомоторлы дамуы өте қалыс қалған. Ең ықтимал диагноз... .
<variant> Фенилкетонурия
<variant> Қайың сиропы ауруы
<variant> II типті гликогеноз
<variant> Клайнфельтер синдромы
<variant> Даун ауруы
<question> .Мектеп жастағы балада тұрақты жөтел, тыныс жетіспеушілік, ұзақ уақыт сақталған жергілікті крепитациялаушы сырылдар анықталады. Рентгенограммада «воздушных ловушек» симптомы анықталған. Ең ықтимал диагноз… .
<variant> Созылмалы облитерациялаушы бронхит
<variant> Созылмалы бронхит
<variant> Бронх демікпесі
<variant> Рецидивті бронхит
<variant> Жедел жай бронхит
<question> Жаңа туған нәресте 25 күндік. Өмірінің 3 ші күнінен тері жамылғысының, көз склерасының сарғыштығы, арасында нәжісінің түссізденуі байқалған. Бауыры +2 см, талағы пальпацияланбайды. Қанда гипербилирубинемия, тіке билирубин. Ең ықтимал диагноз... .
<variant> Фетальды гепатит
<variant> Физиологиялық сарғаю
<variant> Жаңа туған нәресте гемолитикалық ауруы, сарғыш түрі
<variant> Фенилкетонурия
<variant> Жалған сарғаю

<question> Баланы шаршағыштық, ұстама тәрізді, өткір іш ауырсынуы, дене қызуының жоғарылауы мазалайды. Ішті пальпациялағанда оң жақ қабырғаастында ауырсыну байқалады, Кэра, Ортнер симптомдары оң мәнді. Қан анализінде айқын емес лейкоцитоз. Нәжісі қалыптасқан. Диагнозды дәл қоюға көмектесетін зерттеу әдісі... .
<variant> бауыр, өт қабы УДЗ
<variant> копрограмма
<variant> қан- биохимия
<variant> ФГДС
<variant> дуоденальды зондтау
<question> Баланы шаршағыштық, қызусыз ұстама тәрізді, жедел қысқа уақытты іш ауырсынуы мазалайды. Іш пальпация кезінде Мерфи, Кер симптомдары оң мәнді, эпигастрий аймағында ауырсынады. Қан анализі өзгеріссіз. Дуоденальды зондтау кезінде Одди сфинктерінің жабылу уақыты - 9 мин. Жалпы емдеу жоспарына енгізетін дәрілік препарат... .
<variant> спазмолитиктер
<variant> өт айдайтын
<variant> протонды помпа ингибиторы
<variant> антибиотиктер
<variant> ауырсынуды басатын
<question> 6 күндік бала. Субфебрильды қызба, локсыйды. Екі күн бойы сан, дене терісінде инфильтративті полиморфты, жан-жағы гиперемияланған, диаметрі 2см дейінгі, ішінде серозды-ірінді бөлінісі бар көпіршіктер пайда болған. Мүшелер бойынша өзгерістер жоқ. Анасы терісін бриллиант көгімен өңдеген. Науқасқа қажетті препарат... .
<variant> цефтриаксон
<variant> диазолин
<variant> ихтиол майы
<variant> анальгин
<variant> преднизолон
<question> Жалпы тәжірибелік дәрігерге 5 күндік баласымен анасы келді. Екі жақты сүт бездерінің ісінуі мазалайды. Тексергенде жергілікті гиперемия жоқ, баланың жағдайы қалыпты. Емуі жақсы, мазасызданбайды. Осы жағдайда дәрігердің дұрыс тактикасы... .
<variant> бұл физиологиялық жағдай екендігін анасына түсіндіру
<variant> ауруханаға жедел жіберу
<variant> сүт бездерін қатты сығу
<variant> антибиотик тағайындау
<variant> хирургқа жіберу
<question> Мектеп жасындағы бала тез шаршағыштыққа, ұзақ уақыт мұрын бітелуіне шағымданады, мұрыннан қою бөлдініс бөлінеді, дене қызуы қалыпты басқа симптомдары жоқ. Ауызбен дем алады. Аран гиперемиясы байқалмайды. Осы жағдайға эффективті препарат... .
<variant> интраназальды кортикостероид
<variant> тамыр тарылқыш препарат
<variant> гистаминоблокаторлар
<variant> тұзды ерітінді
<variant> антибактериальды препарат
<question> 4 айлық бала ауруханаға құрғақ жөтелге, шулы тынысқа шағымданып түскен. ТЖ-68 рет мин., өкпеде диффузды ылғалды және бірлі-жарым ысқырықты сырылдар естіледі. Бала жағдайын эффективті ... жақсартады.
<variant> небулайзер арқылы сальбутамол ерітіндісімен ингаляция

<variant> амбробенемен ингаляция
<variant> вентолинді аэрозоль түрінде қолдану
<variant> оттегімен ингаляция
<variant> парентеральды эуфиллин енгізу
<question> 5 жасар балада бірінші жылында тұрақты ылғалды жөтел байқалған, жиі пневмониямен ауырған (5-6 рет жылына) физикалық дамуының қалыс қалуы айқын. Нәжісі сұйық, сасық иіспен. Үлкен ағалары ерте жасында пневмониядан қайтыс болған. Аурудың диагнозын нақты қою үшін тексеру әдісін қолданған жөн.
<variant> терілік сынама
<variant> спирография
<variant> пикфлоуметрия
<variant> аш ішектің кілегей қабатының биопсиясы
<variant> кеуде клеткасы рентгенографиясы
<question> 10 айлық бала ауруханада ошақты пневмония бойынша ем алып жатыр. Жөтел мазалайды, дене қызуы қалыпты, бронхообструкция белгілерісіз тыныштық кезінде ентігу, тыныс алуға қосымша бұлшықеттер қатысады. Перооральды цианиз. Осы науқасқа қажетті ем... .
<variant> кислородотерапия
<variant> сальбутамолмен ингаляция
<variant> постуральды дренаж
<variant> физиоем
<variant> эуфиллин к/т
<question> Асқынған жүктіліктен екіапталық нәресте. Қарағанда: тері жамылғысы қарқынды сарғыш, экзантемалар. Гепатоспленомегалия. Қан биохимия анализінде жалпы билирубин саны жоғарылаған, тіке емес фракция есебінен. ЦМВ-қа ИФА оң мәнді. Осы науқасқа қажетті ем... .
<variant> арнайы иммуноглобулин
<variant> фототерапия
<variant> антибиотик
<variant> өт айдайтын препараттар
<variant> инфузионды ем
<question> Жаңа туған нәресте 5 күндік. Анемия фонында өткен 1 жүктіліктен, 1 мерзімімен босанудан. Туғандағы салмағы 3400,0, бойы 53 см. Ана сүтімен тамақтанады, емуі белсенді.Тері жамылғысы таза. Физиологиялық рефлекстері шақырылады. Аяқ қолының бүккіш бұлшықет тонусы жоғары. Қазіргі салмағы 3000,0. Нәжісі 5-6 рет күніне, ботқа тәрізді, сары түсті. Баланы әрі қарай жүргізу тактикасы... .
<variant> динамикада бақылау
<variant> нәжіс анализі
<variant> инфекционист кеңесі
<variant> невролог кеңесі
<variant> гематолог кеңесі
<question> Жасы үлкен (егде жастағы) анадан туылған жаңа туған нәресте. Қарағанда төмендегідей симптомдар байқалғпн: жалпақ бет, кеңсірігі жалпақ, «монғол тәрізді» көздің қиығы, психомоторлы даму қалыс қалуы, төстің сол жақ шетінде дөрекі систолалық шу, бұлшықет гипотониясы. Диагноз қою үшін зерттеу әдісі... .
<variant> бала кариотипі
<variant> Ішкі мүшелерді ультрадыбыстық зерттеу
<variant> Феллинг сынамасы

<variant> шыққан тегінің анализі
<variant> қалқанша без гормондарын анықтау
<question> Қыз бала 3 жаста. 8 айлық жасынан бастап салмақ нашар қосуы, іш ұрленуі, кезекпен болатын құсу, көп мөлшерлі жиі нәжіс анықталады. Нәжіс анализінде - стеаторея. Нақты диагноз қоюға көмектесетін зерттеу әдісі... .
<variant> 12 елі ішек кілегейін гистологиялық зерттеу
<variant> Нәжісте сары сулық белокты анықтау
<variant> терлік тест
<variant> Грегерсон сынамасы
<variant> ФГДС
<question> А есімді ер бала. Бірінші айында 800 грамм қосқан, нәжісі қалыпты, әр тамақтанған сайын. Анасының айтуынша 1ай 2 апталығында психо-эмоциональды күйзелістен кейін сүті азайып, бала мазасызданып, қомағайланып еме бастаған, емшек ұшын тартып, осының нәтижесінде емшек ұшында сызаттар пайда болған. Анасы әр емізіп болғаннан кейін қалған сүтті сауып тастап отырған, сауылған сүттің көлемі 15 млден аспаған. Бала екінші айында 400 грамм қосқан. Дәрігердің рациональды тактикасы... .
<variant> бейімделген сүт қоспасымен үстеме тамақтандыру
<variant> сирек емізу керек
<variant> анасы өз рационында сиыр сүтінің көлемін көбейту
<variant> бірінші қосымша тамақ енгізу
<variant> жетпеген сүт мөлшерін су ішкізіп толықтыру
<question> Сәби 6 айлық. Туғандағы салмағы 3500 г. Қараған кезде баланың салмағы 6100 г болды. Маңдай және төбе төмпешіктері айқын, үлкен еңбегі 4х5 см, шеттері жұмсақ, краниотабес, шүйдесі жалпайған. Бала арық, тері тургоры төмен, тері асты шел қабаты ішінде жұқарған. Бұлшық ет гипотониясы байқалады, нәжісі тұрақсыз.
Осы баланы емдеудің ең дұрыс тәсілін таңдаңыз:
<variant> Аквадетрим тәулігіне 3000 ХБ 30 күн бойына, тамақты болуға тиісті салмағына есептеу
<variant> Аквадетрим тәулігіне 1000 ХБ 30 күн бойы
<variant> Аквадетрим тәулігіне 5000 ХБ 45 күн бойы
<variant> Аквадетрим тәулігіне 2000 ХБ 45 күн бойына, тамақты болуға тиісті салмағына жуық салмаққа
<variant> Аквадетрим тәулігіне 1500 ХБ 45 күн бойына, тамақты нақты салмағына есептеу
<question> Нәрестеге 21 күн, дене салмағы 4100,0. Түсік түсу қаупімен өткен жүктіліктен 3300г. салмақпен туылған. Перзентханадан өмірінің 6-шы күні 3500г салмақпен шығарылды. Келесі күндері күнделікті құсады (күніне 3 ретке дейін), дәреті сұйылған, күніне 4 ретке дейін, ал кейде дәреті мүлдем болмайды. Дене қызуы жоғарыламаған. Анасының сүті көп, емуі белсенді, тамақтанудан кейін мазасызданады. Құсқаннан кейін, әдетте, ұйықтап қалады. Диагностикалық және емдік мақсатпен ... тағайындалады.
<variant> Спазмолитиктер
<variant> Гормондар
<variant> Дәрумендер
<variant> Құсуға қарсы
<variant> Дезагреганттар
<question> Жаңа туған нәресте 3 созылынқы туыттан, жамбасымен жатуы арқылы туылған. Анасы 48 жаста. Қарап тексергенде: оң қолы денесіне жабысқан, шынтақ буынында

бүгілген, ішке бұрылған, иық буынында бұрылған, білегі артқа және ішке қаралған. Сіздің болжам диагнозыңыз:
<variant> Дюшен-Эрба салы
<variant> Бұғананың сынуы
<variant> Иықтың остеомиелиті
<variant> Туа біткен миопатия
<variant> Туа біткен гемигипоплазия
<question> Нәрестенің ... патологиясына келесі симптомдық кешен тән: спиналды шок, тыныс алу, қозғалу, сезім, сфинктрлердің қызметінің бұзылысы:
<variant> Жұлынға қан кету
<variant> Субарахноидалды қан кету
<variant> Қарынша ішілік қан кету
<variant> Кефалогематома
<variant> Иық өрімінің жарақаттық зақымдануы
<question> Нәресте туғаннан кейін 4 сағат өткен соң баланың басының төбе және шүйде аймағында жұмсақ тіннің жайылған ісінуі байқалады. Жұмсақ-эластикалық консистенциялы. Сіздің диагнозыңыз:
<variant> босану ісігі
<variant> бастың шашты бөлігінің флегмона
<variant> кефалогематома
<variant> бас сүйектің сынуы
<variant> төбе аймақтың жарақаты
<question> Қабылдауда 7-айлық қыз бала. Қараудан кейін психомоторлы даму кемістігі анықталды. Ата-анасы бір біріне туыс болып келеді. Қыз бала сирек гуілдейді, қимыл-қозғалысы баяу, отырмайды, еңбектемейді, тісінің шығуы байқалмайды. Терінен «тышқан» иісі шығады. Анасының айтуынша балада туғаннан бері іш қатуға бейімділік бар.
Сіздің болжам диагнозыңыз:
<variant> фенилкетонурия
<variant> фруктоземия
<variant> галактоземия
<variant> гликогенді ауру
<variant> гипотиреоз
<question> Бала 42 аптада 4 жүктіліктен, 1 туылудан.Алғашқы 3 жүктілігі мед. түсікпен аяқталған. Анасы 35 жаста, гипертониямен ауырады. Жүктілік бірінші жартысында гестозбен өткен. Қағанақ суы жасыл ноқат сорпасы тәрізді. Баланың туғандағы салмағы 3000 г, бойы 50 см. Апгар шкаласы бойынша бағалауда 2 балл, генерализацияланған цианоз, қозғалыс белсенділігі және рефлекторлы қозғыштығы мүлдем жок . Пульсі жіптәрізді 60 рет минутына. Тынысалуы жок. Диагнозды көрсетіңіз.
<variant> ауыр дәрежелі асфиксия
<variant> асфиксия аз
<variant> жеңіл дәрежелі асфиксия
<variant> орта дәрежелі асфиксия
<variant> бронхиальды демікпе
<question> Қабылдауда 12 жасар бала. 7 жыл бойы бронх демікпесімен ауырады. Соңғы кездері бастың ауру мен АҚ 130/80 мм.сын.бағ. көтерілуіне шағымданады. ЭКГ-де сол жақ қарыншаның гипертрофиясының белгілері анықталған. Науқас үнемі ингаляциялық беротек қабылдайды. Бұл жағдайда ... тағайындамаған жөн.

<variant> Бета -адреноблокаторлар
<variant> АПФ ингибиторы
<variant> Кальции каналының блокаторы
<variant> АТ II рецепторының антагонисі
<variant> Миотропты спазмолитиктер
<question> 2 айлық бала. Тәбеті төмендеген, омыраудан бас тартады. Қарау кезінде кеуде клеткасының тартылуы байқалады, тыныс алу актісіне қосымша бұлшықеттер қатысады. Ентігеді. БАБЖ бойынша жіктемесі:
<variant> ауыр пневмония
<variant> өте ауыр ауру
<variant> пневмония жоқ, жөтел немесе суық тию
<variant> пневмония, жөтел
<variant> пневмония немесе суық тию
<question> Қыз бала, 4 айлық. Шығымы: ылғалды қақырықты жөтел, мұрнынан су ағу. 3 күн бойы ауырады. Бүгін жағдай кенеттен нашарлаған. Температурасы 39С, анасын ембейді, дистанционды сырылдар. Объективті: терісі бозғылт, ылғалды, периоральды цианоз, тынысы беткей, ентігу аралас типті, ТЖ 60 рет/мин, бұғана үсті ойығы және қабырға аралықтары көтеріліп тұр, PS 160 рет/мин, аускультативті – өкпенің барлық алаңында әлсіреген тыныс есебінен көптеген құрғақ және ылғалды әр-түрлі калибрлі сырылдар естіледі. Сіздің диагнозыңыз:
<variant> ауруханадан тыс пневмония, ТЖ II дәрежесі
<variant> жедел обструктивті бронхит, ТЖ II дәрежесі
<variant> бронхиолит, ТЖ II дәрежесі
<variant> жедел жай бронхит, ТЖ I дәрежесі
<variant> бронх демікпесі
<question> 7 жасар бала жедел ауырды.Дене Т 39°қа көтеріліп,мынадай шағымдар:жалпы мазасыздық,тәбетінің төмендеуі,мұрны бітуі сирек құрғақ жөтел мазалады.Қарағанда Т 38° дене бітімі дұрыс,тамақтануы қанағаттанарлық,бетінің терісінде гиперемия,везикула, мұрнынан шырышты бөлінді,периоральды цианоз,коньюктиваның гиперемиясы,құрғақ жөтел көрінеді.ТЖ-34/мин,ЖСЖ-138/мин.Жұтқыншақты қарағанда:аңқаның гиперемиясы,жұтқыншақтың артқы қабырғасы дән тәрізді қалыңдау шырыш шығуда.Жақасты және мойын лимфа түйіндері үлкен бұршақ тәрізді ұлғайған,тығыз эластикалы ауырсынусыз.Өкпеде перкуторлы дыбыс,тынысы қатаң,өкпенің барлық аймағында.Өкпенің екі жағынан да құрғақ және ылғалды орта көпіршікті сырылдар естіледі.Бауыр шеті қабырға доғасынан 3см шығыңқы,жұмсақ,ауырсынусыз,нәжісі ботқа тәріздес,тәулігіне 2рет.Зәр шығаруы жиі.Сіздің болжам диагнозыңыз:
<variant> Жедел ринофарингит
<variant> Жедел коньюктивит
<variant> Жедел бронхит
<variant> Жедел бронхиолит
<variant> Атопиялық диатез
<question> 6 айлық қызда ЖРВИ мен ауырған науқаспен қатынастан кейін дене Т 37,8°жоғарылаған,мазасыздық,тәбеті төмендеуі,мұрнынан шырышты бөлінділер,құрғақ жөтел мазалаған.4-ші күні жөтелі күшейіп периоральды цианоз бен тұншығу пайда болып мазасыздану күшейген,ұйқысы бұзылған. Қарағанда жағдайы:орташа ауырлықта,жиі жөтел,мұрнының бітелуі,дене Т 37, мазалайды.Терісі бозғылт,аңқасы және аңқа арты қабырғасы гиперемияланған.Интоксикация айқын.ТЖ-50.Тыныс алуға қосымша бұлшықеттер қатысады.Перкуторлы -қораптық дыбыс.Аускультативті-қатаң тыныс,диффузды орта және майда көпіршікті сырылдар екі жақтан.ЖСЖ-140/мин.Жүрек шекаралары кеңеймеген,тондар тұйықталған.Іші желденген. Тұқымқуалаушылығы-жоқ.Сіздің болжам диагнозыңыз:
<variant> Жедел пневмония
<variant> Жедел бронхиолит,ауыр ағымды
<variant> Тыныс жеткіліксіздігі
<variant> Бронхообструктивті синдром
<variant> ЖРВИ,ауыр ағымды
<question> Бала 4,5 айлық 2 ші жүктіліктен.Жүктілігі токсикозбен өткен.1ші баласы 3күндігінде жедел ішек өтімсіздігінен шетінеп кеткен.Екінші босануы тез арада,асқынусыз,салмағы-2900г,бойы-48 см.1 ші айында 230г салмақ қосқан.2 айында қосымша тамақтан құрғақ жөтел пайда болған.Көкжөтелге 3 рет тексерілген.Аймақтық дәрігері:Жедел бронхит қойған.Вибромицин мен бронхолитикалық препараттар тағайындалып,жағдайы жақсарған.2

аптадан кейін ылғалды жөтел пайда болған.Рентгенограммада:Өкпенің аздап ісінуі,екі жақтан да өкпенің шеттері кеңейген және перибронхиальді өзгерістер пайда болған.Қарағанда бозғылттану,терісінің құрғақтығы,аздап гиперкератоз, периоральды цианоз пайда болған.Ішінің және көкірегінің май асты қабаты жоқ.ЖСЖ-144/мин,жүрек тондары тұйықталған,Боткин нүктесінде қысқа систолалық шу тыңдалады.ТЖ-40/мин,өкпе перкуссиясында-тимпанит.Тынысы-қатаң,төменгі бөліктерінде қатты тыныс,тыныс шығаруы ұзарған,құрғақ ысқырықты сырылдар мен орта көріршікті ылғалды сырылдар мазалайды.Іші желденген бауыры қабырға доғасынан 4см ге шығыңқы,шеттері тығыз,көкбауыры пальпацияланбайды.Нәжісі ашық түсті,жағымсыз іріңді иіспен.Болжам диагноз біреуінен басқа :

<variant> Созылмалы пневмония, ауыр ағымды
<variant> Муковисцидоз,аралас форма
<variant> Екіншілік обструктивті бронхит
<variant> Постнатальды гипотрофия 2 дәреже
<variant> Жеңіл дәрежелі анемия аралас этиологиялы
<question> Балалар емханасына 3 жастағы бала :экспираторлы ентігуге,қатты жөтелге шағымданып түсті.Анамнезінен :бала моншақпен ойнағаны анықталды.Кенеттен балада ұстама тәрізді жөтел мен тыныс алуының қиындауы пайда болды.Қарағанда:жағдайы ауыр,Т 36,8, ауыз-мұрын үшбұрышының цианозы,оң жақтан қабырғааралықтың төмен түсуі көрінеді.ЖСЖ-130/мин,жүрек тондары тұйықталған.Өкпенің салыстырмалы перкуссиясында-оң жақ жауырынның төменгі бөлігінде тұйықталу,аускультативті-осы аймақта бірден әлсіреген тыныс.Өкпенің қалған бөліктерінде –пуэрильді тыныс.Болжам диагнозыңыз:

<variant> Тыныс алу жолдарындағы бөгде зат
<variant> Обструктивті бронхит
<variant> ЖРВИ,ауыр ағымды
<variant> Бронхиальді астма
<variant> Жедел бронхиолит
<question> Бала 2 ай.5 күннен бері ауырады.Шағымдары:Дене Т 37,7 көтерілуі,мұрыннан шырышты бөлінділер,түшкіру,құрғақ жөтел,тәбеті төмендеуі.Үйқысы тыныш.ЖРВИ ге симптоматикалық ем жүргізілген.Ауруының 6шы күні жағдайы нашарлап дене Т 38,5 көтеріліп,ылғалды жөтелі жиілеген.Қарағанда жағдайы ауыр:жиі,терең тыныс алады, бозғылттану периоральды цианоз пайда болған. Аңқаның гиперемиясы,жұтқыншақтың артқы қабырғасынан шырыш шығуда,мұрнынан бөлінді,коньюнктивит.ТЖ-52/мин,ЖСЖ-128/мин.Өкпеде-қораптық дыбыс. Тынысы-қатаң,төменгі бөліктерінде қатты тыныс,тыныс шығаруы ұзарған,ылғалды сырылдар мен майда көпіршікті ылғалды сырылдар мазалайды.Жөтелгенде жойылмайды.Тыныс шығаруы ұзармаған.Жүрек тондары тұйықталған,ритмді,шекаралары-қалыпты. Іші жұмсақ ауырсынусыз.Бауыры қабырға доғасынан 2см ге шығыңқы,көкбауыр шеті пальпацияланады.Диагнозыңыз.

<variant> Жедел екіжақты пневмония
<variant> Жедел бронхит
<variant> Жедел бронхиолит
<variant> 2 дәрежелі тыныс жеткіліксіздігі
<variant> 3 дәрежелі тыныс жеткіліксіздігі
<question> 5 жасар бала ауруханаға созылмалы бронхит және екіншілік иммунды тапшылықпен түскен.2ші күні бронхоскопиядан кейін жағдайы кенеттен нашарлаған.Дене Т фебрильді сандарға дейін жоғарылауы және интоксикация симптомы мен тыныс жеткіліксіздігі пайда болған.Оң өкпенің жоғарғы бөлігінің физикальды зерттеуінде перкуторлы дыбыстың

айқын тұйықталуы,тынысының әлсіреуі,жоғарғы бөлікте майда көпіршікті ылғалды сырылдар көрінген.Қан анализінде:ЭТЖ-56-72мм/сағ жоғарылауы.Өкпе рентгенограммасында оң өкпеде аздап тығыздалу.Баланың жағдайы прогрессивті нашарлап:қызба, интоксикация симптомы мен тыныс жеткіліксіздігі пайда болған.Бөлімшеде мынадай диагноз қойылған:Біріншілік инфильтративті-іріңді пневмония,жедел ағымды.2 дәрежелі тыныс жеткіліксіздігі.Стартты антибиотик таңда:
<variant> Цефалоспориндер мен аминогликозидтермен бірге емдеу
<variant> Цефалоспориндердің 3-4 ұрпағы
<variant> Пенициллиндер тобы
<variant> Аминогликозидтер
<variant> Тетрациклиндер
<question> Анасы 22 жаста, дені сау. Туу алды патронаж жүктіліктің 16 және 38 аптасында. Екінші рет босануы. Жүктілігі мен босану асқынусыз, қалыпты. Ұл бала туылған, Апгар бойынша 8-9 балл, салмағы 3450 гр, бойы 52 см. Емшеккке 30 минут кейін берілген, белсенді емеді. Қанағаттанарлық жағдайда шығарылған. Соматикалық статусында ауытқулар жоқ. Рефлекстері сақталған, тірі. Денсаулық тобын табыңыз.
<variant> I
<variant> II
<variant> III
<variant> IV
<variant> V
<question> Диареямен ауыратын науқастарға амбулаторлы жағдайда жүргізілетін диагностикалық зерттеулер
<variant> Копрологиялық,бактериологиялық
<variant> Жалпы қан,зәр анализі
<variant> Қанның биохимиялық анализі,УЗИ
<variant> Жұмыртқа құртқа және басқаларға нәжісті зерттеу,коагулограмма
<variant> Құрсақ қуысы ағзаларының УДЗ,нәжісті зерттеу
<question> III дәрежелі рефлюкс-эзофагита емдеуге оптимальді таңдаулы препарат болып табылады.
<variant> омепразол
<variant> тетрациклин
<variant> коллоидты висмут субцитрат
<variant> цизаприд
<variant> метоклопромид
<question> Педиатр қабылдауында 12 жасар ұл бала кіндік аймағындағы толғақ тәрізді ауру сезіміне шағымданып келді, бірнеше уақыттан соң локамуациясы іштің төменгі квадратына ауысқан және тұрақты. Бірнеше құсу анықталады. Стационардың қабылдау бөлмесіне жеткізілді. ЖҚА –де әлсіз лейкоцитоз. ЖЗА-де 3 лейкоцит к/а Сіздің болжам диагнозыңыз:
<variant> аппендицит
<variant> дивертикулит
<variant> жарықтың қысылуы
<variant> ішек өтімсіздігі
<variant> перитонит
<question> Қабылдауда 12 ж қыз бала, іштің төменгі квадратында үдемелі аяқ астынан пайда болатын ауру сезімге шағымданады. Құсусыз жүрек айну байқалады. Ауру сезімінің басталмай тұрып, дифекация қалыпты болған. Қарап тексергенде оң жақ аймағында кернеулік және

жайылған ауру сезім байқалады, құрсақ қуысы тітіркенеді (-), ішек шулары естіледі. Лейкоциттер 18,0*10,9/л. Қан сарысуындағы амилаза активтілігі қалыпты. Нәжісті жасырын қанға зерттеу «-». Сіздің тактикаңыз.
<variant> диагностикалық лапоротомия
<variant> анальгетиктерді тағайындап, амбулаторлы емдеу
<variant> ауру сезімі күшейгенде қайта госпитализациялау
<variant> ирриография
variant> ректороманоскопия
<question> Нәресте І-ші жүктіліктен, гестация мерзімі – 42 апта, салмағы 4,5 кг, бұғанаүсті, -асты аймақтарда, балтыры мен табандарында ісінулер. Тілі үлкен. Даусы қарлыққан, кеңсірігі кең. Емуі әлсіз. Өмірінің 3-ші күні терісі сарғайып, ол 2 апта бойы сақталады. Қан анализінде: Эритроциттер $3,8x10^{12}$г/л, гемоглобин 148 г/л. Диагнозды нақтылау мақсатында жасалынатын мейілінше мәліметті зерттеу:
<variant> Билирубин мен оның фракциялары
<variant> Қандағы тироксин
<variant> Хромосомды жиынтық
<variant> Қандағы қант деңгейі
<variant> Белок және оның фракциялары
<question> 3 айлық балада ЖРА фонында дене қызуы 38,9°С көтерілген. Дене қызуын басу үшін тағайындау керек:
<variant> сұйықтық беру, қызуды басудың физикалық әдісі, парацетамол – 0,05г
<variant> сұйықтық беру, парацетамол – 0,01г
<variant> қызуды басудың физикалық әдісі, парацетамол – 0,01г
<variant> сұйықтық режимі, қызуды басудың физикалық әдісі, қан тамырға физикалық ерітінді 0,9%, парацетамол – 0,01г
<variant> сұйықтық беру, қызуды басудың физикалық әдісі 5%,глюкоза ерітіндісі, парацетамол – 0,01г
<question> Қабылдауда А есімді қыз бала, 13 жаста 5 жыл бойы бронх демікпесінен зардап шегеді. Ұстамасы аптасына 1-2 рет қатты иістер,үй жануарларымен қатынастан кейін пайда болады . Айына 2-3 рет түнгі уақытта тұншығудан оянады. Аурудың өршу кезеңі күз-көктем кезеңінде байқалады. Бала базисті терапия алмайды. Анемнезінен:анасы бронх демікпесінен зардап шегеді. Спирометрия:ОФВ1, және ПСВ >80%; ПСВ 20-30 % . Науқас ұстама кезінде сальбутамол қолданады, нәтижесі оң. Обьективті: кеуде клеткасы қалыпты, аускультация кезінде катаң тыныс, форсирленген дем шығару сынамасынан кейін кеуде клеткасының алдыңғы жағынан бірен саран құрғақ сырыл естіледі.
Жіктемеге сәйкес диагноз қойыңыз:
<variant> бронх демікпесі, атопиялық түрі, жеңіл персистирлеуші ағым,бақыланбайтын түрі,ауырлық ағымын вирусқа қарсы базисті терапиядан кейін білуге болады
<variant> бронх демікпесі, өршу сатысында. Асқынуы: астматикалық статус
<variant> бронх демікпесі, атопиялық түрі, өршу
<variant> бронх демікпесі, өршу орташа ағымды ауырлықта
<variant> бронх демікпесі, өршу
<question> 1 айлық баланың анасы емханаға баласының мазасыздануына байланысты шағымданып келді.Туылған кезде баланың салмағы 3700 грамм, қарау кезінде - 4000 грамм. Тамақтандыру арақатынасы 3,5 сағатты құрайды. Түнгі үзіліс 6 сағат. Анасы әр тамақтандырудан кейін 20-30 грамм сүт сауып тастайды. Баланы соңғы тамақтандыру кезінде 100 грамм сүт емген. Бұл балаға қандай кеңес бересіз.

<variant> 7-8-реттік тамақтануға көшу
<variant> Ештеңе өзгермейді
<variant> лактацияны дәрімен стимуляциялау
<variant> сауылған сүтпен тамақтандыру
<variant> донор сүтімен тамақтандыру
<question> 1 айлық бала дене салмағын қоспайды, нәжісі сұйық, иісті. Кистофиброз анықталды. Төменде келтірілген міндетті шараларды көрсет.
<variant> Зонд арқылы емшек сүтімен тамақтандыру
<variant> Реополиглюкин
<variant> А, Е дәрумендері
<variant> Линекс+ Зонд арқылы емшек сүтімен тамақтандыру
<variant> Мезим-форте + Зонд арқылы емшек сүтімен тамақтандыру
<question> Бала III жүктіліктен, созылмалы фетоплацентарлы жетіспеушілік фонында өткен,II дәрежелі анемии, I триместрде ЖРИ.Ұл бала, салмағы 800 грамм. Сұық лануго, теріасты-май қабаты аз, құлақ қалқаны жұмсақ, жіктері және кіші еңбегі ашық, жұмыртқасы ұмаға түспеген, кіндік сақинасы төмен орналасқан.Болжам диагнозыңыз.
<variant> Шала туылу IV дәреже, өмір сүруге қабілетті бала
<variant> Тірі туылған өмір сүруге қабілетті ұрық
<variant> Тірі туылған бала, шала туылу II дәреже
<variant> Шала туылу III дәреже, өмір сүруге қабілеті төмен ұрық
<variant> Шала туылу IV дәреже, өмір сүруге қабілетсіз бала
<question> Емізіп жүрген әйелдің температурасы $37,5^0$С-қа дейін жоғарылаған, кеудесінде тығыздану пайда болған. Пальпация кезінде ауру сезімі, аздаған гиперемия. Сауғанда сүттің түсі қалыпты, қан мен ірің жоқ. Сіздің әрекетіңіз:
<variant> Емшек сүтімен тамақтандырып болғаннан кейін міндетті түрде қалған сүтті сауып тастау
<variant> Емшекпен емізуді тоқтату
<variant> Жасанды тамақтандыруға көшіру
<variant> Сүтті бактериологиялық тексеру
<variant> Сауылған пастерленген емшек сүтімен тамақтандыру
<question> 21 күнгі нәрестеге патронаж. Анасы мазасыздыққа, түнгі ұйқысының бұзылуына, қатты дауысты жылауға шағымданады, емшек және бөтелкені қомағайланып сорады,тәулігіне 200 мл су ішеді. Ангасы баласын қатаң тәртіппен емізеді, тәулігіне 8 рет, түнгі үзіліс 6 сағат, лактацияны жеткілікті деп санайды. Дене салмағы 4000, соңғы емізуде бала 60 мл сүт емген (тәуліктік 8 реттік тамақтануда 480 млсүт емеді). Алдын—ала диагноз:
<variant> гипогалактия II дәреже
<variant> гипогалактия I дәреже
<variant> гипогалактия III дәреже
<variant> гипогалактия IY дәреже
<variant> агалактия
<question> 21 күнгі нәрестеге патронаж.Анасы мазасыздыққа, түнгі ұйқысы бұзылуына, қатты дауыспен жылауына шағымданады, емшек пен бөтелкені қомағайлықпен емеді, тәулігіне 200 мл су ішеді. Анасы баланы қатаң тәртіпте уақытпен емізеді, тәулігіне 8 рет,түнгі үзіліс 6 сағат, лактациясы жеткілікті деп санайды.Дене салмағы 4000, соңғы емізуі кезінде бала 60 мл сүт сорды
(тәулігіне 8 реттік тамақтандыруда 480 мл). Керекті сүттің мөлшері:
<variant> 800 мл тәулігіне

<variant> 500 мл тәулігіне
<variant> 600 мл тәулігіне
<variant> 700 мл тәулігіне
<variant> 900 тәулігіне
<question> Гидроцефалиямен науқас баладағы тырысуды тоқтату үшін қолданылады:
<variant> диазепам
<variant> седуксен
<variant> люминал
<variant> фенобарбитал
<variant> фуросемид
<question> 4 жасар бала қабылдауда.Диагнозы: Гидроцефалия. Бас ішілік және көз ішілік қысымды төмендету мақсатында қолданылады:
<variant> диуретиктер
<variant> антибиотиктер
<variant> витаминдер
<variant> гормондар
<variant> макролидтер
<question> 7-айлық қыз балаға үйге шақырту. Диагноз: ОРВИ,фебрильды тырысу. Тырысуда жедел жәрдем терапиясына балаға қажетті диазепам дозасы:
<variant> 0,5 мг/кг ректальды немесе б/і
<variant> 0,7мг/кг ректальды немесе б/і
<variant> 0,3 мг/кг ректальды немесе б/і
<variant> 0,4 мг/кг ректальды немесе б/і
<variant> 0,2 мг/кг ректальды немесе б/і
<question> Жақсы өсіп жатқан 1 жасар балада диарея мен құсу дамығаннан 4 күннен кейін олигурия дамыды. Қанда азоотемия және ацидоз анықталды. Төменде келтірілгеннің арасында аталған жағдайларды болдырмау үшін қандай терапевттік тактика ең бірінші кезекте қолданылу қажет:
<variant> Су және регидрон қабылдау
<variant> Бикарбонаттарды тез енгізу
<variant> 12 сағат ішінде аштықта болу
<variant> Сұйықтықты шектеу
<variant> Парентеральды тамақтандыру
<question> Науқас М. 1,5 жаста. Балада жасына сай емес төмен салмақ анықталады. Сіздің әрекетіңіз:
<variant> Баланың тамақтандырылуын бағалаңыз, тамақтандыру мәселелері бойынша анасына кеңес беріңіз, қайта қаралу 5 күннен кейін
<variant> Шұғыл стационарға жолдаңыз, А дәруменін беріңіз
<variant> Тамақтандыру мәселелері бойынша анасына кеңес беріңіз
<variant> Қайта қаралу 5 күннен кейін
<variant> А дәруменін беру, тамақтандыру мәселелері бойынша анасына кеңес беріңіз
<question> 3 жастағы Иванның анасы дәрігерге диарея бойынша қаралды. Диарея 2 күн барысында болды. Бүгін анасы нәжісінен қан іздерін анықтаған. Қарау барысында бала тыныш, дәрігердің қарауына әсері оң, суды қызғанышсыз ішеді, тері қатпарлары жай жазылады, көздері шүңіреймеген. Осы науқасқа қандай ем жоспарын тағайындайсыз:
<variant> 250 мг ципрофлоксацин ½ таблеткадан күніне 2 рет беру, әр сұйық дәреттен кейін 100-200 мл ПРТ

<variant> 250 мг эритромицин 1 таблеткадан күніне 4 рет беру, әр сұйық дәреттен кейін 100-200 мл ПРТ
<variant> 250 мг амоксициллин 1 таблеткадан күніне 4 рет, әр сұйық дәреттен кейін 100-200 мл ПРТ
<variant> 500 мг невиграмон ½ таблеткадан күніне 4 рет, әр сұйық дәреттен кейін 100-200 мл ПРТ
<variant> 100 мг фуродонин 1 таблеткадан күніне 4 рет, әр сұйық дәреттен кейін 100-200 мл ПРТ
<question> 2 жастағы Ермекті анасы дәрігерге диарея бойынша әкелді. Диарея 3 күн барысында болды. Қарау барысында бала тыныш, дәрігердің қарауына әсері оң, суды қызғанышсыз ішеді, тері қатпарлары жай жазылады, көздері шүңіреймеген. Осы науқасқа қандай ем жоспарын тағайындайсыз:
<variant> Баланы тамақтандыруды жалғастыру; күріш қайнатпасы, қышқыл сүт қоспалары, айран түріндегі сұйықтықты көбірек беру, әр сұйық дәреттен кейін 100 мл ПРТ беру
<variant> 4 сағат ішінде 900 мл ПРТ беру, баланы тамақтандыруды жалғастыру
<variant> 6 сағат ішінде 20 мл/кг көлеміндегі регидратациялық ПРТ ерітіндісін беруді бастау
<variant> 3 сағат ішінде 100 мл/кг көлеміндегі физ.ерітіндіні к/т құюды бастау, алғашқы 30 минутта 30 мл/кг, кейін қалған 70 мл/кг 2,5 сағат ішінде беру
<variant> 4 сағат ішінде 900 мл ПРТ беру, баланы тамақтандыруды жалғастыру, 30 мл/кг көлеміндегі физ.ерітіндіні к/т құюды бастау
<question> 2 жастағы Антонды анасы диарея бойынша дәрігерге әкелді. Диарея 3 күн барысында болған. Қарау кезінде бала әлсіз, суды ішкісі келмей ішеді, тері қатпарлары өте баяу жазылады, көздері шүңірейген. Осы науқасқа қандай ем жоспарын тағайындайсыз?
<variant> 3 сағат ішінде 100 мл/кг көлеміндегі физ.ерітіндіні к/т құюды бастау, алғашқы 30 минутта 30 мл/кг, кейін қалған 70 мл/кг 2,5 сағат ішінде беру
<variant> 4 сағат ішінде 900 мл ПРТ беру, баланы тамақтандыруды жалғастыру
<variant> 6 сағат ішінде 20 мл/кг көлеміндегі регидратациялық ПРТ ерітіндісін беруді бастау
<variant> Баланы тамақтандыруды жалғастыру; күріш қайнатпасы, қышқыл сүт қоспалары, айран түріндегі сұйықтықты көбірек беру, әр сұйық дәреттен кейін 100 мл ПРТ беру
<variant> 4 сағат ішінде 900 мл ПРТ беру, баланы тамақтандыруды жалғастыру, 30 мл/кг көлеміндегі физ.ерітіндіні к/т құюды бастау
<question> 8 айлық Анварды анасы диарея бойынша дәрігерге әкелді. Диарея 4 күн барысында болған. Қарау кезінде бала әлсіз, суды ішкісі келмей ішеді, тері қатпарлары өте баяу жазылады, көздері шүңірейген. Осы науқасқа қандай ем жоспарын тағайындайсыз:
<variant> 6 сағат ішінде 100 мл/кг көлеміндегі физ.ерітіндіні тамырішілік құюды бастау, алғашқы 1 сағатта 30 мл/кг, кейін қалған 70 мл/кг 5 сағат ішінде беру
<variant> 4 сағат ішінде 900 мл ПРТ беру, баланы тамақтандыруды жалғастыру
<variant> 6 сағат ішінде 20 мл/кг көлеміндегі регидратациялық ПРТ ерітіндісін беруді бастау
<variant> Баланы тамақтандыруды жалғастыру; күріш қайнатпасы, қышқыл сүт қоспалары, айран түріндегі сұйықтықты көбірек беру, әр сұйық дәреттен кейін 100 мл ПРТ беру
<variant> 4 сағат ішінде 900 мл ПРТ беру, баланы тамақтандыруды жалғастыру, 30 мл/кг көлеміндегі физ.ерітіндіні к/т құюды бастау
<question> Стационарға дене қызуының 39 С*-қа жоғарылауы, қайталамалы құсу, сұйық сулы нәжіс тәулігіне 10 ретке дейін, 3 тәулік бойы шағымдарымен 8 айлық бала келіп түсті. Объективті: ауырсынуға тітіркенгіш, көзі шүңірейген, суды құмарлана ішпейді, тері қатпарлары тез жазылады. «Диарея» жағдайын БШАЫЕ бағдарламасы бойынша жіктеңіз және оральді дегидратация мөлшерін көрсетіңіз

<variant> «әлсіз сусыздану», Б жоспары – 600 мл-ді 4 сағат бойы
<variant> «Диарея. Сусыздану жоқ». А жоспары – 100 мл-ді әр сұйық нәжістен кейін
<variant> «Ауыр сусыздану». В жоспары – 200 мл-ді к/т 2,5 сағат бойы
<variant> «Диарея. Сусыздану жоқ». А жоспары – 200 мл-ді әр сұйық нәжістен кейін
<variant> «Ауыр сусыздану». В жоспары – 800 мл-ді 6 сағат бойы
<question> Науқас ес-түссіз жатыр. Қарау кезінде цианоз байқалады, ұйқы артериясында пульсация анықталмайды. Қандай шара жүргізу қажет.
<variant> жүрек-өкпе реанимациясын
<variant> лабораториялық зерттеулер
<variant> өмірін дәрі-дәрмектермен қолдау
<variant> невропатологты шақыру
<variant> ЭКГ жасау
<question> 12 жасар қыз бала 15 минут су астында болған. Қарау кезінде өмір сүру белгілері жоқ. Қандай шара жүргізу қажет.
<variant> тыныс жолдарын бөгде заттардан тазарту, жүрек-өкпе реанимациясын жүргізу
<variant> қасындағы адамдарды көмекке шақыру
<variant> реанимациялық шаралар жүргізу үшін қыз баланы жақын арадағы ауруханаға жеткізу
<variant> жүрек-өкпе реанимациясын жүргізу
<variant> жедел жәрдем шақыру
<question> Ұл бала, 9 жаста, қыжылға, тамақпен кекіруге, эпигастрий және төс артында тамақтанған соң бірден ауыру сезіміне шағымданады. ФЭГДС-те: өңештің төменгі үштен бірінде шырыш қабаты гиперемияланған, ісінген, кардиясы ашық. Асқазан мен он екі елі ішектің шырыш қабаты бұдырлы, қызғылт.
Қандай болжам диагноз ең дұрысы?
<variant> гастроэзофагеалдық рефлюксті ауру
<variant> созылмалы эритематоздық гастрит
<variant> созылмалы эрозивті гастрит
<variant> созылмалы атрофиялық гастрит
<variant> созылмалы гиперпластикалық гастрит
<question> 12 жасар қыз бала, тамақ қабылдаған соң қайтатын эпигастрийдегі сыздаған ауыру сезіміне, қыжылға, қышқылмен кекіруге шағымданады, үлкен дәреті қатуға бейім. Үш жылдай ауырады. Бозғылт, тітіркенгіш, қызыл дермографизм, аса тершеңдік. Тілі түбіріне қарай ақ жабынмен жабылған, тістердің ізі бар. Іші жұмсақ, эпигастрия және пилородуоденалды аймақта шамалы ауыру сезімі бар. Бауыры мен көкбауыры ұлғаймаған.
Қай диагноз ең дұрысы?
<variant> созылмалы гастродуоденит
<variant> жедел гастрит
<variant> созылмалы холецистит
<variant> өт жолдарының дискинезиясы
<variant> созылмалы панкреатит
<question> Бала 14 жаста, ішінің тұйық, сыздап ауырсынуына, жүрек айнуына, бір рет құсуына шағымданады. Ауырғанына 2 күн болған. Объективті: тері жабындылары бозғылт түсті, көз астының көлеңкеленуі байқалады, тілі сары жабындымен жабылған. Кер, Ортнер, Мерфи симптомдары оң мәнді. Бауыры +2см, пальпацияда ауырсынады. Қан анализінде: Нв-130 г/л, Эр.-4,5х10^{12}/л, Л-12х10^{9}/л, ЭТЖ-12 мм/сағ., э-3%, б-1%, м-7%, т/я-26%, с/я-63%.
Осы патология кезінде тағайындалатын ең тиімді емдік шаралар.
<variant> Ампициллин + но-шпа + гепабене

<variant> Урсосан + мезим-форте + фитотерапия
<variant> Ампициллин + метронидазол +омез
<variant> Креон + контрикал + квамател
<variant> Фурозолидон + мезим-форте + фитоем
<question> 12 жасар науқастымына шағымдар мазалайды:іштіңауырсынуы,ауырсынуарқасына беріледі, жиі құсу,көңіл күйінің бұзылысы.Биохимиялық анализінде: амилаза120 Ед/л,копрограммада нәжісте эластаза87 мкг/мл. Асқазан ішек тракты ағзаларын УДЗ – де ұйқы безініңөлшемдерінің ұлғаюы,тығыздалуыанықталады.
Осы патологияға ең тиімді емдеу жоспары.
<variant> Аштық, контрикал, квамател
<variant> Стол № 5, но-шпа,ампициллин
<variant> Стол№ 1,амоксициллин, метронидазол
<variant> Стол № 4, мезим-форте,хилак-форте
<variant> Стол№ 5, гепабене,но-шпа
<question> Балаға 13 жас,созылмалы панкреатитпен ауырады,куйзеліс жағдайдан кейін ішінің жоғарғы жағында жедел ауырған айналмалы бел ауырсыну сипатта, жеңілдік әкелмейтін құсу болған. Кер, Мейо-Робсон, Шоффара белгісі- оң.Осы баланың емдеу тактикасына қажетті:
<variant> Протеолитикалық фермент ингибиторларын жүргізу
<variant> Холеретиктер жүргізу
<variant> Фермент препараттарын жүргізу (мезим-форте, креон)
<variant> Прокинетиктер жүргізу
<variant> Эрадикационды терапия тағайындау
<question> Қыз бала 14 жаста іштегі ауырсынуға шағымданады эпигастрий аймағына берілетін, тәбетінің жоғарлауына, қыжылдауға. Ауырғанына бір жыл болған, бұрын зерттелмеген.Әкесі жара ауруымен ауырады.
Фиброгастродуоденоскопия өткізген кезде келесі өзгерісті анықтаған: асқазан шырышты қабаты ісінген, қызарған, антрумда көптеген эрозия бар. Биоптатпен уреазды тест-оң. Диагноз қойыңыз:
<variant> Созылмалы эрозивті антральды гастрит, Нр+, өршу кезеңі
<variant> Созылмалы эрозивті гастродуоденит, Нр+, өршу кезеңі
<variant> Созылмалы эрозивті гастродуоденит, өршу кезеңі
<variant> Асқазан жара ауруы, Нр+, өршу кезеңі
<variant> Созылмалы эрозивті антральды гастрит, орташа дәрежелі ауырлықта, Нр+, өршу кезеңі
<question> Бала 8 жаста. Ауырғанына екі жыл. Эпигастрий аймағында тамақтан кейін, әсіресе тұзды, ашты тағамдар қабылдағанда басталатын тұйық, сыздайтын ауырсынуға шағымданады. Жалпы жағдайы қанағаттанарлық. Бала жүдеу. Іш пальпациясында – эпигастрий аймағында ауырысыну байқалады. Асқазан сөлінің фракционды зертеуінде тұз қышқылының дебит-сағаты ашқарынға 50 мг, секрецияның базалды фазасында 30 минутта – 37 мг, секрецияның сағаттық керілу фазасында – 109мг, асқазан сөлінің ашқарындағы көлемі-32 мл, базальды секреция -39 мл, секрецияның сағаттық керілуі -72 мл.Асқазан рентгеноскопиясында: өнеш және кардия өткізгіштігі еркін, асқазан гипотониялы, ашқарында айтарлықтай контуры тегіс. Он екі елі ішек буылтығы дұрыс формалы, жылдам босайды. көлемде сұйықтық бар, ол тексеру барысында көбейеді, перистальтикасы баяу, шырышты қабат қатпарлары иректелген, асқазан-ішек шекарасы дұрыс орналасқан. Диагноз қойыңыз:
<variant> гастрит
<variant> дуодено-гастральды рефлюкс

<variant> асқазанның функционалды бұзылысы
<variant> гастродуоденит
<variant> асқазан ойық жара ауруы
<question> Ауруханаға 6 жасар қыз бала келіп түсті. Шағымдары: салмақ қоспау, өсудің баяулауы, бас ауруы, яқтарының ауруы, ішінің үрленіп, жиі көп мөлшерлі дәретке отыру, құсу. Анамнезінен: ішінің үрленуі мен бала мазасызданууы 6айынан байқалады (қосымша тамақ – геркулес ботқасы енгізілген). 1,5жасынан ішінде ауырсыну, көлемінің ұлғайып, үрленуі, жиі көп мөлшерлі дәрет, құсу пайда болды. Нәжісті копрологиялық зерттегенде стеаторея анықталды. ЭГДС жүргізгенде субатрофиялық дуоденит көріністері сипатталды. Қандай болжамды диагноз қоясыз:
<variant> целиакия
<variant> тағамдық аллергия
<variant> панкреатит
<variant> тітіркенген ішек синдромы
<variant> муковисцидоз
<question> 10 жасар қыз балада майлы тамақтан кейін анда-санда жүрек айнуы, тұйық, сыздаған ауыру сезімі, оң қабырға доғасы астын ауырсыну анықталды. Ерте жасынан іш қатумен зардап шегеді. ЖҚС – патология жоқ, УДТ – өт қабы көлемі ұлғайған, өт іркілісі белгілері бар. Басқа құрылымдық өзгерістер анықталмады. Болжамды диагнозыңыз:
<variant> ӨЖД, гиперкинетикалық формасы
<variant> ӨЖД, гипотониялық формасы
<variant> жедел холецистит
<variant> вирустық гепатит
<variant> дисбактериоз
<question> 11 жасар қыз балада оң қабырға доғасы астында ұзақ мерзімді ауыру мен кернеу сезімі. Тексергенде: сарғаю жоқ, Кер симптомы оң (+), дене қызуы субфебрилді, ЭТЖ — 30 мм/сағ. Болжамды диагнозыңыз:
<variant> созылмалы холецистит, өршу кезеңі
<variant> созылмалы панкреатит, өршу кезеңі
<variant> асқазанның ойық жара ауруы, өршу кезеңі
<variant> созылмалы гепатит
<variant> басқа ауру
<question> Науқас, 9 жаста, жүрегінің айнуына, тәбетінің төмендеуіне,оң жақ қабырға астында ауырсынуға шағымданады. Анасының айтуы бойынша айтылған шағымдар соңғы жыл ішінде мазалап жүр, жалпы жағдайы қуырылған тағам жегеннен кейін күрт нашарлаған. Баланы қараған кезде әлсіз, тері жабындылары бозғылт, тілінде сарғыш жабын байқалады, іші жұмсақ пальпацияда ауырсынады,максимальды ауырсыну оң жақ қабырға астында, Ортнер, Кер белгісі - оң. УД-зерттеу кезінде өт қабында анықталды- өт қабы пішіні деформирленген, қабырғасы қалыңдаған 4,0 мм. Диагноз қойыңыз:
<variant> Созылмалы калькулезді емес холецистит, өршу кезеңі
<variant> Созылмалы калькулезді холецистит, ремиссия кезеңі
<variant> Жедел калькулезді холецистит, ремиссия кезеңі
<variant> Жедел калькулезді емес холецистит
<variant> Гипертоникалық түрі бойынша өт қабы жолының дискинезиясы.
<question> 6-жасар Саша сол жаурын және белге берілетін (белді айнала ауыратын) төсасты аймағы ауруына, жүрек айну, құсу, шөлдеу, іш кебуге шағымданады. Жағдайының нашарлағаны диета бұзғаннан кейін болды. Ауырғанына 2- жыл. Ауру тарихынан – 6 жасында

эпидемиялық паротитпен ауырған. Дене қызуы 38,8 градус. Сипағанда эпигастрия, сол қабырға-астындағы ауырсыну, Кача, Мейо-Робсон, Керте, Воскресенский симптомдары – оң. Қан зерттеуінде: Нв-120г/л, эр-3,95*10^{12} /л, л-11,0*10^{9}/л, ЭТЖ-15 мм/сағ. Зәрдегі диастаза – 132 бірлік. Қандағы қант – 6,8 ммоль/л. Емделуі:
<variant> антибиотиктер
<variant> сульфаниламидтер
<variant> гормондар
<variant> ерментер
<variant> өт айдау препараттары
<question> Баланы аса шаршағыштық, майлы тамақтан кейін ұстама-тәрізді, өткір қысқа мерзімді іштегі ауырсыну мазалайды. Қарағанда тері жамылғысы қызғылт, таза. Ішті сипағанда Мерфи, Кера симптомдары - оң. Қан зерттеуінде: Нв-126г/л, эр-3,96*10^{12} /л, л-5,0*10^{9}/л, ЭТЖ-2 мм/сағ, э/4, с/67, л/29. Дуоденалдық зондтау кезінде: өт порциясының бөліну уақыты – 10 минут, Одди сфинктерінің жабылу уақыты – 9 мин, қайтадан тітіркендіргеннен кейін қаралтым өт бөлінді. Сіздің диагнозыңыз:
<variant> өт шығару жолдары дискинезиясының гипермоторлық түрі
<variant> дуоденопанкреати
<variant> өт шығару жолдары дискинезиясының гипомоторлық түрі
<variant> жедел гастродуоденит
<variant> жедел гастрит
<question> 12 жасар қыз, бірнеше сағат бұрын омыртқа және белді айнала ауыратын, ішінің көбінесе эпигастрия аймағының қатты ауруы пайда болды. 2-і рет жеңілдік әкелмейтін құсу болды. Қарағанда: бозғылт, тілі ақ жабынмен жабылған, дене қызуы 37,8 градус, іші кепкен, эпигастрия аздап кернелген. Ортнер симпомы құманды. Мейо-Робсон нүктесінде ауырсыну бар. Лейкоцитоз – 12,8 *10^{9}/л. Үлкен дәреті тазарту клизмасынан кейін, үлкен дәреті тығыз майлы. Сіздің болжамдыды диагнозыңыз:
<variant> жедел панкреатит
<variant> жедел гастродуоденит
<variant> жедел гастрит
<variant> жедел дуоденит
<variant> жедел холецистит

<question> ЖРВИ-мен ауыратын 2 жасар балада түнде үрген тәріздес жөтел, дауыстың қырылдауы, тыныс алудың ұзаруымен жүретін ентігу пайда болған.
Сіздің болжамды диагнозыңыз:
<variant> стеноздаушы ларинготрахеит
<variant> жедел пневмония
<variant> обструктивті бронхит
<variant> бронх демікпесі
<variant> жедел тонзиллит
<question> 13жасар қыз балада бірнеше сағат бұрын ішінің эпигастрии аймағында омыртқаға берілетін және белдемелі ауырсыну болды. 2 рет құсқан, жеңілдік алып келмеген. Қарағанда бозғылт, тілі ақ-сұр жабындымен жабылған, дене қызуы 38,2^{0}С дейін көтерілген, іші кебіңкі, эпигастрия аймағы біршама кернеулі. Ортнер симптомы күдікті. Мейо-Робсон нүктесінде

ауырсыну. Лейкоцитоз 12,8х10^9/л. Үлкен дәреті тазалау клизмасынан кейін болған, нәжіс массасы тығыз, майлы.
Сіздің болжамды диагнозыңыз:
<variant> жедел панкреатит
<variant> жедел холецистит
<variant> жедел гастродуоденит
<variant> жедел гастрит
<variant> жедел дуоденит
<question> Қабылдауда 13 жастағы қыз бала. 2,5 жылдан бері ауырады. Жүрек айнуына, ауыздағы ащы дәмге, әлсіздікке, шаршағыштыққа, оң жақ қабырға астының сыздап және батып ауырсынуына, оның суық, майлы, қуырылған тағам жегеннен кейін күшейетініне шағымданып келді. Анда-санда құсу мен тұрақсыз нәжіс болады.
Сіздің болжамды диагнозыңыз:
<variant> созылмалы холецистит
<variant> созылмалы гастрит
<variant> созылмалы панкреатит
<variant> вирусты гепатит
<variant> энтероколит
<question> Қабылдауда 2 айлық бала. 1 айынан бастап жасанды тамақтандырылады. Анасы тәтті бейімделмеген қоспа береді. Қарағанда бала мазасыз, бетінде қызару, ісіну, жарылулар, сүтті қабыршақтар бар, шап, мойын және қолтық астында қызару байқалады. Ұйқысы мазасыз.
Сіздің болжамды диагнозыңыз:
<variant> экссудативті-катаральды диатез
<variant> лимфатико-гипопластикалық диатез
<variant> аллергиялық дерматит
<variant> нейродермит
<variant> стрептодермия
<question> 2 айлық бала. Омыраудан бас тартады. Қарау кезінде кеуде клеткасының тартылуы байқалады, тыныс алу актісіне қосымша бұлшықеттер қатысады.
БЖАИЖ сәйкес дәрігердің әрекеті:
<variant> антибиотиктің бірінші мөлшерін беру, шұғыл түрде стационарға бағыттау
<variant> антибиотиктің бірінші мөлшерін беру, үлескелік дәрігер бақылауында қалдыру
<variant> антибиотиктің бірінші мөлшерін беру, қайта қарау екі күннен соң
<variant> антибиотиктің бірінші мөлшерін беру, тексеруге жолдама беру
<variant> антибиотик керек жоқ, үйде бақылау
<question> 5 жастағы бала, салмағы 20 кг. Эпилепсия ұстама кезінде 0,5%-к седуксен енгізу керек.
Енгізу көлемі:
<variant> 1,0 мл к/к
<variant> 0,5 мл к/к
<variant> 1,5 мл к/к
<variant> 2,0 мл к/к
<variant> 2,5 мл к/к

<question> 7 айлық балада ЖРВИ фонында аурудың 4 күні жалпы жағдайы нашарлады, температурасы 37,8^{0}С қайта көтерілді, экспираторлы ентігу, оральды сырылдар пайда болды. Аускультацияда – ұзақ дем шығару, 2 жақтан әр түрлі калибрлі ылғалды сырылдар. Жалпы қан

анализінде– Лейк – 5,8x10^9 /л, э – 14%, п/я – 1%, с – 48%, л- 29%, м- 8%, ЭТЖ – 3 мм/сағ. Рентгенограммада - өкпе түбірі аймағында өкпе суреті күшейген.
Бұл ауруда старттық терапияға кіреді:
<variant> сальбутамол
<variant> аугментин
<variant> амброксол
<variant> оксигенотерапия
<variant> преднизолон
<question> 1 жасар бала айқын токсикоз, аралас ентігу, температурасының 38^{0}С дейін жоғарылауымен үй жағдайында. Перкуссияда қорапты перкуторлы дыбыс. Бірен-саран сырылдар естіледі, оң жақ жауырын бұрышында тұрақты ұсақ көпіршікті сырылдар, рентгенограммада – сол жерде ошақты инфильтрация.
Бұл ауруда старттық терапияға кіреді:
<variant> аугментин
<variant> фенобарбитал
<variant> лазикс
<variant> сальбутамол
<variant> преднизолон
<question> Қыз бала «Энцефалоцеле» диагнозымен невропатолог қарауында. Бала бірінші жүктіліктен және босанудан. Осы қыздың анасына екінші баласының жүйке жүйесі ақауының алдын алу мақсатында, қайталамалы жүктілікті жоспарлау барысында тағайындалды:
<variant> фолий қышқылы
<variant> аскорбин қышқылы
<variant> йод препараты
<variant> пантотенді қышқыл
<variant> кальций глюконаты
<question> Қабылдауда 11 айлық бала. Анасының айтуынан бала ұзақ уақыт бойы тырысуға қарсы терапия алған. Соңғы кездері жиі терлеп, мазасызданады, ұйқысы нашар. Дәрігер қарағаннан кейін: Мешел II, жеделдеу ағымды, өршу кезеңі диагнозын қойды.
Мешелдің дамуына әкелген препарат:
<variant> фенобарбитал
<variant> кальций глюконаты
<variant> диазепам
<variant> пенициллин
<variant> темір препараттары
<question> Қабылдауда 14 жасар қыз бала. Ішінің, әсіресе эпигастрия аймағының ауырсынуына шағымданады. Ауырсыну тамақтанғаннан соң 1,5-2 сағаттан кейін пайда болады. Дәрігер толық клинико-лабораториялық зерттеулерден кейін асқазанның ойық жарасы, Нр ассоцияланған диагнозын қойды.
Геликобактерии пилоридің эрадикациясы үшін қолданылатын препарат:
<variant> кларитромицин
<variant> азитромицин
<variant> амоксициллин
<variant> метронидазол
<variant> эритромицин
<question> 11 айлық балаға үйге шақырту түсті. Анасының айтуынша жиі бала мазасызданғанда аяқ-қолдарының дірілі байқалады. Қарағанда: гиперестезия, бір үнмен

(монотонды) жылау, тремор, бұлшықет гипотониясы, Хвостек,Труссо симптомдары оң. Спазмофилия диагнозы қойылды.
Спазмофилия кезінде емді бастағанда енгізілуі дұрыс препарат:
<variant> кальций
<variant> паратгормон
<variant> D дәрумені
<variant> фосфор
<variant> темір
<question> Қабылдауда 8 жасар ұл бала. Бір апта бойы дене қызуының 37,2-37,5^{0}С көтерілуіне, аз қақырық бөлінетін тұрақты жөтелге, тәбеттің төмендеуіне шағымданып келді. Анамнезінен ауру біртіндеп тұрақты жөтелден, дене қызуының субфебрильді сандарға дейін көтерілуінен дамыған. Объективті: терісі таза, қызғылт. Аңқасында аздаған катаральды өзгерістер. Қабақтар конъюнктивасының қызарған. Өкпеде: перкуторлы өкпелік дыбыс, шашыраңқы майда көпіршікті сырылдар естіледі. Жалпы қан анализінде: нейтрофилді лейкоцитоз, ЭТЖ жоғарлауы. Өкпе рентгенограммасында: өкпе суретінде біркелкі емес ошақты инфильтрациялар көрінеді.
Таңдау препараты:
<variant> макролидтер
<variant> цефалоспориндер
<variant> тетрациклиндер
<variant> аминогликозидтер
<variant> карбопенемдер
<question> Емханаға 13 жасар қыз бала қыста суық тиюден кейін басталған, ұзаққа созылған (3 айға) жөтелге шағымданып келді. Түнде ұйықтағанда бала жөтелден оянып, өзі ысқырық тәрізді сырылды естиді, жөтелден жүгіре алмай тоқтайды, сол кезде ысқырық тәрізді сырыл пайда болады. Дене температурасы қалыпты, мұрны жиі бітеледі. Анасы поллинозбен ауырады. Диагнозды дәлелдейді:
<variant> спирография
<variant> өкпе рентгенографиясы
<variant> бронхография
<variant> бронхоскопия
<variant> пикфлоуметрия
<question> 8 жасар балаға үйге шақырту түсті. Қиындаған дем шығарумен ұстамаға, қиын бөлінетін қақырықпен жөтелге шағымданып келді. Анамнезінен ерте жасынан көктем-күз мезгілдерінде бронхитпен жиі ауырады. Соңғы 3 жылда дем шығаруы қиындаған тұншығу ұстамасы түнде болады және сальбутамол ингаляциясымен басылатын. Объективті: жалпы жағдайы орташа ауырлық дәрежеде, дистанциялы ысқырықты тыныс, тыныс жиілігі минутына 32 рет. Өкпеде қорап тәрізді дыбыс, тынысы қатаң, дем шығаруы ұзарған, өкпенің барлық аймағында ысқырықты құрғақ сырылдар естіледі.
Емге қосылуы керек препараттар тобы:
<variant> ингаляциялық глюкокортикостероидтар
<variant> муколитиктік препараттар
<variant> антигистамиді препараттар
<variant> антибактериальды препараттар
<variant> бронхолитикалық препараттар
<question> Қабылдауда 5 айлық бала. Терлегіштікке, ұйқының нашарлауына, ұйықтап жатқанда селк етулерге шағымданады. Бала ана сүтімен тамақтандырылады. Қарағанда терісі

таза, бозарған, ылғалды, жұмсақ тіндердің тонусы төмен, краниотабес, шүйде жалпайған. Қан анализінде кальций 2,02ммоль/л, фосфор 1,71 ммоль/л. Мешел I дәрежелі, бастапқы кезең, жедел ағымды диагнозы қойылды.
Д3 дәруменінің тағайындалу дозасы:
<variant> вит. Д3 2000 ХБ
<variant> вит. Д3 1000 ХБ
<variant> вит. Д31500 ХБ
<variant> вит. Д3 500 ХБ
<variant> вит. Д3 3000 ХБ
<question> Қабылдауда 4 жасар бала. Сүтті ботқа жегеннен кейін пайда болатын көпіршікті нәжіске шағымдануда .Анасының айтуы бойынша нәжіс ақшыл-сарғыш түсті, майлы жылтыр, шырыш және қан болмаған. Қараудан кейін полигиповитаминоз симптомдары, физикалық дамуда артта қалуы анықталды, іші үлкейген, бала өрмекші кейпінде. Амбулаторлы жағдайда лабораторлы зерттеулерлер жүргізілгеннен кейін балаға целиакия диагнозы қойылды.
Баланың тамақтану рационынан алып тастау қажет:
<variant> глютенді
<variant> тұзтарды
<variant> микроэлементтерді
<variant> моноқанттарды
<variant> дәрумендерді
<question> Жаңа туылған балаларға емханада скриниг зерттеулері барысында бір баланың меконийінен альбумин анықталған.
Сіздің болжамды диагнозыңыз:
<variant> муковисцидоз
<variant> фенилкетонурия
<variant> гипотиреоз
<variant> лактазалық жеткіліксіздік
<variant> целиакия
<question> Отбасылық дәрігер қарауында 4 айлық бала . Салмағы - 6800гр, бойы - 63 см. Жүйке-психикалық дамуы жасына сай. Перинатальды ОЖЖ зақымдануы бойынша невропатологта есепте тұрады. Екпелерді уақытымен алады.
Баланың денсаулық тобы:
<variant> II Б
<variant> I
<variant> II А
<variant> III
<variant> VI
<question> 14 жасар қыз бала дәрігерді үйге шақырған. Шағымдары: дене қызуының жоғарылауы, ішіндегі өткір ауырсынуға, құсу. Оң жақ қабырға астында ауырсыну, бұлшықеттері керілген, Шоффар зонасында ауырсыну. Ортнер, Кер симптомдары оң.
Емдеу әдісі:
<variant> спазмолитиктер, антибиотиктер
<variant> нитрофурандар, эубиотиктер
<variant> антигистаминдер, өт айдағыштар
<variant> антибиотиктер, нитрофурандар
<variant> гипертензивті, антипиретиктер

<question> 2 жасар балаға аймақтық педиатрды шақырған. Бала жедел ауырған: дене қызуы 39 градусқа дейін жоғарылаған, катаральді белгілер, мазасыздық пайда болған. Кенеттен қысқа мерзімді тырысулар болған.
Сіздің болжамды диагнозыңыз:
<variant> фебрильді тырысулар
<variant> эпилепсия
<variant> спазмофилия
<variant> менингит
<variant> вирусты энцефалит
<question> 4 айлық қыз. Шағымдары: ылғалды өнімді жөтел, мұрын бітелуі. Ауырғанына 3 күн болған. Бүгін жағдайы бірден нашарлаған: дене қызуы 39С дейін жоғарылаған, анасының төсін ембейді, дистанционды сырылдар естіледі. Қарап тексергенде: терісі бозғылт,ылғалды, периоральді цианоз, беткей тыныс, аралас типті ентігу, ТЖ 60 рет мин, қабырғааралықтың және мойын шұңқырының ішке тартылуы, PS 160 рет мин, аускультативті – әлсіреген тыныс фонында барлық алаңда көптеген әртүрлі калибрлі ылғалды және құрғақ сырылдар естіледі.
Сіздің болжамды диагнозыңыз:
<variant> ауруханадан тыс пневмония, ТЖ II ст
<variant> жедел обструктивті бронхит, ТЖ II ст
<variant> бронхиолит, ТЖ II ст
<variant> жедел бронхит, ТЖ I ст
<variant> бронх демікпесі, status asthmaticus
<question> Бала 4 жаста. Шағымы: жүрек айнуына, 4 күн бойы нәжісінің болмауына. Анамнезінде 6 ай бойы осындай ұсталулар болған. Объективті: терісі құрғақ, қабыршақты, шашы мен тырнағының сынғыштығының жоғарылауы. Аузынан жағымсыз иіс шығады, бұрышында ауыздық. Іші кебіңкі, ұлғайған. Пальпациялағанда ауырсынусыз, өрлемелі және сигма тәрізді ішекте нәжіс түйіршіктері анықталады.
Диагностикалық зерттеу:.
<variant> ректороманоскопия
<variant> ирригоскопия
<variant> колоноскопия
<variant> гистологиялық зерттеу
<variant> тік ішекті саусақпен зерттеу

<question> Дәрігерді шақырту кезінде 8 жасар баланың тері жамылғысының бозғылттығы, әлсіздік, дене қызуының 39,0 градусқа дейін жоғарылауы, акроцианоз, тыныштық кезінде ентігу, ТЖ – 50 рет мин, пульс – 100 рет мин. Перкуссияда жауырын бұрышының астында өкпелік дыбыс қысқарған, сол жерде аускультацияда ылғалды майда көпіршікті сырыл естіледі. Жүрек үні тұйықталған.
Сіздің болжамды диагнозыңыз:
<variant> пневмония
<variant> бронхиолит
<variant> муковисцидоз
<variant> бронх демікпесі
<variant> жедел бронхит
<question> Науқасты майлы тамақтан кейін пайда болатын сол жақ қабырға астылық, арқаға берілетін ауырсынулар мазалайды. Пальпациялауда Шоффар және Мейо-Робсон нуктелерінде

ауырсынулар, қан араласпаған сұйық нәжіс, әлсіздік, шамалы нейтрофильді лейкоцитоз, формуланың солға ығысуынсыз.
Ақпаратты әдіс болып табылады:
<variant> қан құрамындағы амилазаны анықтау
<variant> қан құрамындағы трипсинді анықтау
<variant> қан құрамындағы эластазаны анықтау
<variant> қан құрамындағы сілті фосфатазаны анықтау
<variant> қан құрамындағы глюкозаны анықтау
<question> Бала бақшаның үлкен топ балаларын диспансерлік қарауда бірнеше баланың тұрақты жөтелуі анықталды. Олардың мұрынмен тыныс алулары айқын қиындаған, ауыздары ашық, мұрындарынан шырышты іріңді бөлінділер байқалады. Осындай бөлінді жұтқыншақтың артқы қабырғасынан да байқалады. Ауыз жұтқыншақтың шырышты қабаты қалыпты түсті.
Сіздің болжамды диагнозыңыз:
<variant> аденоидит
<variant> жедел ринит
<variant> синусит
<variant> бронхит
<variant> пневмония
<question> 8 айлық балада атопиялық дерматит көріністері бар жедел респираторлы аурумен ауырады. Аурудың 4 күні қатқыл үрген тәрізді жөтел пайда болған, жалпы мазасыздық, дем алу барысында кеуде клеткасының ішке кіруімен ентігу, шулы тыныс, қарлыққан дауыс.
Сіздің болжамды диагнозыңыз:
<variant> стеноздаушы ларинготрахеит
<variant> көкжөтел
<variant> бөгде зат аспирациясы
<variant> пневмония
<variant> бронхит
<question> Дене қызуы субфебрильді және ұзақ уақытты жөтелі бар 2 жасар балада ентігу, ауызмұрын үшбұрышының цианозы. перкуторлы дыбыстың тұйықталуы және өкпенің төменгі бөлімінде тыныстың әлсіреуі, көкірек аралықтың аздап оңға ығысуы пайда болды.
Сіздің болжамды диагнозыңыз:
<variant> ателектаз
<variant> пневмония
<variant> эмфизема
<variant> плеврит
<variant> бронхит
<question> 8 жасар бала ауруының екінші тәулігінде аңқа дифтериясына күмәнмен стационарға түсті. Дене температурасы 38,0-39,0^{0}С, жұтынғандағы қатты ауырсынулар, бадамша бездерінің айқын гиперемиясы, бадамша ойықтарында ақ-сары борпылдақ жабынды аралшықтары, ауырсынады, тонзиллярлы лимфотүйіндерінің аздап ұлғаюы.
Сіздің болжамды диагнозыңыз:
<variant> лакунарлы ангина
<variant> аңқа дифтериясы
<variant> инфекционды мононуклеоз
<variant> Симановский-Венсан ангинасы
<variant> саңырауқұлақты баспа

<question> Дәрігердің профилактикалық қабылдауында 2 жасар бала. Өмірінің 1 жылы жиі суықтаулар. Қарап тексергенде: мұрын арқылы тыныс алуы қиындаған, даусы бәсеңдеген, мойын лимфа түйін топтарының бәрі ұлғайған, бадамша бездерінің гиперплазиясы. Аңқасында катаральді көріністер және мұрнынан бөліністер жоқ.
Сіздің болжамды диагнозыңыз:
<variant> аденоидит
<variant> ринит
<variant> созылмалы тонзиллит
<variant> лимфаденит
<variant> бронхит
<question> Бала 5 жаста, ұзаққа созылған пневмониямен ұзақ уақыт стационарда ем қабылдаған. Антибиотик және инфузиялық терапия қабылдаған.Дәрігер ауруханадан шығармас бұрын ұлғайған және борпылдақ бадамша лакуналарында ақ және жеңіл алынатын жабынды анықтаған, тонзиллярлы лимфатикалық түйіндер тығыздалғвн және ұлғайған, пальпация кезінде ауырсынусыз
Сіздің болжамды диагнозыңыз:
<variant> саңырауқұлақты ангина
<variant> лакунарлы ангина
<variant> инфекциялық мононуклеоз
<variant> Симановский-Венсан ангинасы
<variant> фолликулярлы ангина
<question> Бала 12 жаста. Жедел ауырған. Температурасы 39^0С, айқын интоксикация симптомдары, жұтынған кезде ауырсыну. Жұтыншақ сақинасының диффузды гиперемиясы және аздаған ісінуі. Бадамшаларда - мөлдір сұйықтықпен бөлек-бөлек қызыл везикулалар. Тонзилярлы лимфа түйіндері ұлғайған, бірақ ауырсынусыз.
Сіздің болжамды диагнозыңыз:
<variant> герпестік ангина
<variant> фолликулярлы ангина
<variant> инфекциялық мононуклеоз
